Республикалық жастар газеті

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

№7 (596)
20 ақпан,
2025 жыл

...Мен жастарға сенемін!
Мағжан

ЕҢБЕК АДАМЫНЫҢ беделін арттырған фестиваль

Сурет «Akorda.kz» сайты... алынды

Құрылыс алаңындағы қызу еңбек, машинистер, дрондар мен виртуалды әлем... Бұл – жұмысшы мамандықтардың беделін арттырып, болашақ шеберлерге бағыт-бағдар беретін «Жұмысшы мамандықтар қаласы» фестивалінің көрінісі.

15 ақпан. Фестивальдің соңғы күні. Бізде республикалық іс-шараның тыныс-тіршілігімен танысып, жаңа бастаманың ерекшелігін сезініп, тікелей ақпарат тарату үшін Expo алаңына жол тарттық. Адам толы ғимараттың алды көзге бірден түсті. Оқушыдан бастап кәсіпкерге дейін осында. Үкілеген үмітін арқалап келген жасөспірім секілді біз де таңырқап, тамсанып кірдік. Түрлі мамандықтар, сала мамандары...

Табалдырықтан аттаған бойда қарбаластың ішінен кішкентай баланы көрдік. Жанары лаулап тұр. Әңгімелесе келе, 2-сынып оқушысы екенін білдік. Жоғары сыныпта оқитын ағасынан қалмай, еріп келген. Бес күннің ішінде екінші рет келуі екен. Ағасы Саян Бердікеновтің айтуынша, інісі Ғалым осы фестивальден кейін өрт сөндіруші болуды армандап жүр. Тіпті түнде сурет салып, жастығының астына қойып қояды екен.

2-бетте

ЖҰМЫСЫ ЖҮЙЕЛІ ЖАСТАР ОРТАЛЫҒЫ

Облыстық, қалалық ұйымдармен қатар аудандағы жастар орталықтарының да жұмысы мардымды. Мысалы, Арал ауданы тұрғындарының 32,2%-ын жастар құрайды. Ал олардың әлеуетін дамытуға, қоғамдық өмірге белсене араласуына және әлеуметтік мәселелерін шешуге Арал аудандық жастар орталығы аянбай жұмыс істеуде. Осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстар туралы толығырақ білу үшін Арал аудандық жастар ресурстық орталығының директоры Берік Сұлтаниязовпен әңгімелестік.

– Берік Бахытұлы, алдымен орталықтың негізгі бағыттарына тоқталсақ. Қандай жұмыстар атқарылып жатыр?

– Арал аудандық Жастар ресурстық орталығы – жастар саясатын жүзеге асыратын, жастардың әлеуметтік, құқықтық және мәдени дамуына ықпал ететін маңызды ұйым. Біздің басты міндетіміз – жастарға жан-жақты қолдау көрсетіп, олардың қоғамға бейімделуіне, кәсіпкерлік пен жұмыспен қамту саласында дамуына жағдай жасау. Бүгінде орталық құрылымында 22 қызметкер жұмыс істейді. Оның ішінде ұйымдастырушылық, ақпараттық, құқықтық бағыттар бойынша мамандар, жастармен тікелей жұмыс істейтін үйлестірушілер бар. Аудан орталығынан бөлек Сексеуіл кентінде 2 маман, ал ауылдық округтерде жастар саясатын жүзеге асыруға жауапты қызметкерлер жұмыс істейді. Біздің негізгі қызметтеріміздің қатарында жастарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу, құқықтық көмек көрсету, еріктілік қозғалысын дамыту, психологиялық және әлеуметтік қолдау, мәдени және спорттық іс-шараларды ұйымдастыру, мемлекеттік бағдарламалар бойынша ақпарат беру қарастырылған.

2-бетте

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ: ТАРИФ НЕГЕ ӨСТІ?

Қазақстандағы электр энергиясы тарифтерінің өзгеруі соңғы уақытта қоғамда үлкен талқылау тудырып отыр. Себебі тарифтердің өсуі халықтың күнделікті өміріне тікелей әсер етеді. Әлқисса...

Басты себептердің біріне – өндіріс шығындарының артуын жатқызсақ болады. Қазақстанда электр қуатын өндіретін станциялар негізінен көмір, газ және мұнай өнімдерін пайдаланады. Бұл ресурстардың бағасы артқан сайын, энергия өндіру де қымбаттай түседі.

3-бетте

ҒАЛАМ ТОЛЫ ҒАЖАЙЫП

Табиғатта адамзат үшін таңғажайып әрі жұмбақ болып көрінетін ерекше құбылыстар жетерлік. Олардың кейбірі сирек кездессе, ал кейбірін жыл сайын тіпті әлемнің кез келген бұрышынан тамашалауға болады. Бүгінгі мақаламызда табиғаттың шексіз сұлулығы мен құдіретінің дәлеліне айналған жер бетіндегі ең қызықты құбылыстар хақында қалам тербемекпіз.

Поляр шұғыласы – көбіне полярлық аймақтарда байқалады, сондықтан оны солтүстік шұғыласы және оңтүстік шұғыласы деп атайды. Солтүстік жарты шардағы Норвегия, Канада, Исландия, Ресейдің солтүстігі секілді аймақтарда көзге көрінеді. Ал оңтүстік жарты шарда оны Антарктида мен Австралияның оңтүстігінде бақылауға болады.

Түнгі аспанда пайда болатын, түрлі-түсті жарықтардың билеуіне ұқсайтын бұл құбылыс көздің жауын алады. Күннен тараған жоғары энергиялы бөлшектер, яғни протондар мен электрондар жердің магнит өрісімен әрекеттесіп, атмосфераның жоғарғы қабатындағы шамамен 80–300 км биіктікте газ молекулаларымен соқтығысады. Нәтижесінде, газ атомдары мен молекулалары араласып, қайтадан қалпына келгенде жарық шашады.

Поляр шұғыласының түстері атмосферадағы әртүрлі газдардың болуына байланысты өзгереді. Мәселен, жасыл ең жиі кездесетін түс, ол оттегі атомдарының сәуле шашуынан пайда болса, қызыл сирек кездеседі және жоғары биіктіктегі оттегінің әсерінен туындайды. Ал көк және күлгін түсті шұғылалар азот молекулаларының иондалуы нәтижесінде пайда болады.

Поляр шұғыласы күннің белсенділігіне байланысты күшейіп немесе әлсіреп отырады. Әдетте ол қыс айларында, әсіресе қыркүйек-қазан және наурыз-сәуір

айларында жиі байқалады. Ғалымдар оны зерттеуді жалғастыруда, дегенмен адамзат үшін ол ғаламат ғажайыптардың бірі болып қала берері хақ.

7-бетте

МӘСЕЛЕСІ МОЛ МОБИЛЬДІ АУДАРЫМ

Цифрландыру – қазіргі заманда экономиканы дамытудың басты факторы болып, халық жағдайын жеңілдетуге және тиімділікті арттыру мақсатында кең көлемде дамып келеді. Бүгінде цифрлық жүйе денсаулық сақтау, білім беру, көлік және қаржы саласында кеңінен қолданыста. Бұрын қолма-қол ақша арқылы жасалатын есеп айырысулар қазір цифрлық жүйеге көшіп, банк карталары мен мобильді қосымша арқылы жүзеге асатындай деңгейге жетті.

Бұл жүйенің тиімділігіне ешкім күмән келтірмейді: жылдамдық, ыңғайлылық, қауіпсіздік. Десе де оның өзіне тән сын-қатерлері жеткілікті. Қазақстандағы мобильді аударымдар жүйесі бірқатар өзгеріске ұшырап, қаржылық қадағалау мен салық салудың нысанына айналды. Мақаламызда мобильді аударымдар жүйесін талдап көрдік.

Сурет ашық дереккөзден алынды

4-бетте

АЙНАГҮЛ ӘБУОВА: СЫР БОЙЫНЫҢ АЙТЫС МЕКТЕБІ АЛТЫН ДӘУІРІН БАСТАН ӨТКЕРУДЕ

5

Басы 1-бетте

ЕҢБЕК АДАМЫНЫҢ БЕДЕЛІН АРТТЫРҒАН ФЕСТИВАЛЬ

Оқушымен орнаған әңгімеден кейін павильондарды аралауға кірістік. «Жұмысшы мамандықтары қаласында» сегіз тақырыптық көше ашылған. Олардың қатарында тау-кен ісі және металлургия, машина жасау және көлік, энергетиктер мен мұнайшылар, ауыл шаруашылығы, су шаруашылығы мамандары, құрылысшылар, құтқарушылар, өрт сөндірушілер мен медицина көшелері бар. Мұнан бөлек, болашақ мамандықтарға да арнайы жол берілген. Жалпы алғанда кәсіби дамудың түрлі салалары мен бағыттарын көрсететін 40 креативті үй ұсынылған.

Алғаш болып «Құрылысшылар» көшесіне ат басын бұрдық. Астана қаласының Сервис және туризм колледжінің студенттері ландшафтық дизайн жобасын ұсынды. Ерекшелігі сол, абаттандырылған аумаққа виртуалды саяхаттай аласыз. Колледж студенті Артур Васильевтің айтуынша, бұл фестиваль кәсіби мүмкіндіктерге жол ашатын маңызды алаң.

– Бұл жобамен жұмыс жасау бізге ерекше қызықты болды. Біз 3D моделдеу мен визуалдау бағдарламаларының қолданылуын меңгеріп, заманауи технологиялардың жобалау процесін қалай жақсартатынына көз жеткіздік. Жұмысшы мамандықтар фестивалі біздің жаңа кәсіби мүмкіндіктерімізге жол ашатын маңызды алаң, – деді ол.

Ал APEC Petrotechnic жоғары колледжі батыс өңірінде алғашқы жаңартылатын энергетика цехының іске қосылғанын мәлімдеді. Сондай-ақ оқу орнының өкілі жұмыс барысымен таныстырды. APEC Petrotechnic жаңартылатын энергетика және мұнай-газ саласында мамандар даярлайды. Мұнай-газ саласында қолданылатын қондырғылардың шағын нұсқаларымен жабдықталған шеберхана цехы жұмыс істейді. Бұл студенттерге мұнай мен газды бұрғылау, пайдалану және өндіру технологияларын іс жүзінде үйренуге мүмкіндік береді. Колледж студенттері инновациялық жобаларда жиі бой көрсетеді екен.

– Біздің колледжде IWCF аккредитациялық орталығын ашу жоспарлануда, ол халықаралық мамандарды ұңғымаларды қауіпсіз басқару және бұрғылау бойынша даярлайтын болады. IWCF сертификаты бұрғылау процесіне қатысу үшін міндетті және тек Қазақстанда ғана емес, шетелде де міндетті деп танылған. Оқу ағылшын тілінде жүргізіледі, бұл түлектердің халықаралық компанияларда жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін айтарлықтай кеңейтеді, – деді колледж педагогы Айнұр Шакенова.

Бірнеше павильонды аралап жүріп-ақ уақыттың қалай өткенін байқамадық. Теміржолшылар, өрт сөндірушілер, дәрігерлер, құрылысшылар һәм түрлі жобалар. Әр бастамадан алатын құнды ақпарат көп.

Түстен кейінгі уақыт. Кезек Астана жоғары политехникалық колледжіне келді. Шағын зауытқа ұқсас дүниені көзіміз шалды. Қателеспеппіз, расымен зауытқа арналған механизм екен. Колледж өкілінің айтуынша, бұл «мехатроника құзыреттілігі» жобасы. Ең қызығы, жасанды интеллект қосылған. Мақсаты – зауыттағы қойманың толып кетпеуін қадағалау.

– Мұндай автоматтандырылған жүйе шетелдік зауыттарда танымал. Біздің елде де кеңінен танылса дейміз. Жобаны зерттеуге 4 жыл, ал дайындауға 2 апта жұмсадық. Қырсырын толық меңгерген соң дайындауға көп уақыт жұмсалмады.

Біріншіден, қойманы бақылау үшін тиімді тәсіл, ал ең бастысы ауыр жүк көтеретін мамандардың жұмысы жеңілдейді. Батырманы басу арқылы бүкіл процесс автоматтандырылып, камера арқылы секунд сайын мониторинг жүргізіледі, – деді Ерасыл Нұрекенов.

Еңбек адамдарының жұмысын көрген оқушылардың да қуанышында шек жоқ. Бірі машинист рөлінде болса, бірі сала мамандарымен әңгімелесіп, көкейіндегі сауалға жауап алуда. Жоғарыда айтқандай, бұл «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында ұйымдастырылған алғашқы ауқымды іс-шара. Мұнда жастар өздерін әртүрлі кәсіпте сынап, кәсіби диагностикадан өтті. Іс-шараның тағы бір маңызды нәтижесі – оқушылар арасында кәсіптік бағдар берудің күшеюі. 30 мыңнан астам мектеп оқушысы кәсіби диагностикадан өтіп, өз дағдылары мен қабілеттерін анықтады. Бес күн ішінде фестивальға еліміздің барлық өңірінен 50 мыңнан астам адам келіп тамашалады. Ал жиын қонақтарына 200-ден астам жұмысшы мамандық ұсынылды. Бұл болашақта мамандық таңдау кезінде бағыт-бағдар беретін маңызды құрал болмақ.

«Жұмысшы мамандықтар қаласы» – сұраныска ие мамандықтар мен нақты мүмкіндіктер алаңы. Бұл жерде әрбір жас өз болашағын көруге, оны жоспарлауға мүмкіндік алды. Демек, елімізде техникалық және кәсіптік білім беруге деген көзқарас жаңа деңгейге көтерілді.

13 ақпанда фестивальдің жұмысы қыза түсті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жұмысшы мамандықтар қаласына» барып, маман даярлау үдерісімен танысты. Сондай-ақ өңірлерден келген жастармен жүздесті. Президент кез келген еңбек қадірлі, құрметке лайық екеніне назар аударып, жастарды аянбай еңбек етуге шақырды.

250 ЖАҢА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Фестивальдің басты нәтижелерінің бірі – 250 жаңа ынтымақтастықтың құрылуы. Колледждер мен кәсіпорындар арасында меморандумдар жасалып, өндірістік тәжірибелерді ұйымдастыру мәселесі шешілді.

– «Жұмысшы мамандықтар қаласы» фестивалі тек ауқымды шара ғана емес, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытуда маңызды өсу нүктесіне айналды. Негізгі нәтижелердің бірі – колледждер мен кәсіпорындар арасында 250-ге жуық ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Жұмыс берушілердің бұл процеске белсенді қатысуы қуантады. Біздің басты басымдығымыз – еңбек нарығында сұранысқа ие білікті мамандарды даярлау. Бұл үшін біз бизнес-қоғамдастық және инвесторлармен өзара ынтымақтастықты арттырамыз. Осы бағытта 270-тен астам мемлекеттік колледждің материалдық-техникалық базасын жаңарту, сондай-ақ колледждерге шефтік қамқорлық көрсететін кәсіпорындар санын 4 мыңға дейін арттыру жоспарланып отыр, – деді ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев қорытынды жиында.

Министр сонымен қатар фестивальді ұйымдастыруға атсалысқан барлық тараптарға – министрліктерге, әкімдіктерге, ұлттық компанияларға, кәсіпорындарға және бұқаралық ақпарат құралдарына алғысын білдірді.

Елорда төрінде өткен республикалық іс-шараның барысы осындай болды. Еңбек адамдарына көрсетілген құрметтің нәтижесінде жұмысшы мамандықтардың да беделі артатыны сөзсіз. Мәселен, биыл қыркүйектен бастап колледждерді жан басына шаққандағы қаржыландыру көлемі екі есеге ұлғаяды. Қазіргі уақытта колледждерге 518 кәсіпорын шефтік қамқорлық көрсетеді, ал болашақта олардың санын 4 мыңға дейін арттыру жоспарлануда.

Әлия ТӘЖІБАЙ,
Астана

Басы 1-бетте

ЖҰМЫСЫ ЖҮЙЕЛІ ЖАСТАР ОРТАЛЫҒЫ

Мемлекеттік бағдарламалар туралы ақпараттандыру – біздің маңызды міндеттеріміздің бірі. Бүгінде жастар «Жастар тәжірибесі», «Бастау Бизнес», «Жасыл ел», «ZHAS PROJECT», «Отбасылық цифрлық картасы» сияқты жобалар арқылы қолдау табуда. Жастардың мүмкіндіктері мол, тек дұрыс бағдар беру қажет. Біз әрбір жасқа «Сенде мүмкіндік бар, өз болашағыңды қалауыңа қарай қалыптастыра аласың» деген ойды жеткізуге тырысамыз.

– Аудандағы жастардың жалпы ахуалы қандай?

– Ауданымыздағы 14 пен 35 жас аралығындағы жастардың саны – 25 473. Бұл жалпы халықтың 32,2%-ын құрайды. Оның ішінде 9 726 жас қалада, 15 747 жас ауылдық жерде тұрады. Жүргізілген әлеуметтік зерттеулер бойынша, жастардың мемлекеттік саясатқа қанағаттану деңгейі 94%. Бұл – біз үшін үлкен көрсеткіш. Жастардың білім алуына келсек, ауданда 712 студент орта арнаулы оқу орындарында оқиды, ал 14-18 жас аралығындағы мектеп оқушыларының саны – 7 197. Жалпы, аудан жастарының жағдайы тұрақты.

Жастар арасындағы кәсіпкерлікті дамыту мақсатында бірнеше жобалар іске асырылуда. Бүгінгі таңда ауданда 5 318 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелген, оның ішінде 1 927-сі жастардың үлесінде. Ал белсенді жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлердің саны 2 001 жасқа жетті. Мемлекеттік бағдарламалар аясында қолдау тауып жатқан жобалар да бар. Мәселен, «ZHAS PROJECT» әлеуметтік жобасына қатысуға Қызылорда облысы бойынша 331 өтініш түссе, оның ішінде Арал ауданынан 2 жас кәсіпкер жеңімпаз атанып, грант иеленді.

– Қазір жұмыссыздық басты мәселе. Аудандағы жастарды жұмыспен қамту бағытында қандай өзгерістер бар?

– Бұл – біздің басым бағыттарымыздың бірі. Өткен жылдың 11 айының қорытындысы бойынша аудандық жұмыспен қамту орталығына 385 жас жұмыссыз ретінде тіркелген. Оларды жұмыспен қамту мақсатында жастар тәжірибесіне 321 жас, қоғамдық жұмысқа 189, ал тұрақты жұмыспен 547 жас қамтылды. «Жасыл ел» еңбек жасағында 130 сарбаз маусымдық жұмыс атқарды. Сонымен қатар, «Жастар керуені» жобасы арқылы NEET санатындағы жастарға мемлекеттік бағдарламалар мен кәсіпкерлік мүмкіндіктерін түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Сондай-ақ, құқық бұзушылық мәселесі де біздің назарымызда. Аудандық білім бөлімі, ішкі істер бөлімі және колледж қызметкерлерімен бірлесіп, «Түнгі қаладағы балалар» атты рейдтік шаралар тұрақты түрде өткізіліп тұрады. Мұндай шаралардың мақсаты – жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, түнгі уақытта заңды өкілінсіз жүруіне жол бермеу.

– Бүгінде жастар үшін бос уақытын тиімді өткізу қаншалықты маңызды? Орталық бұл бағытта қандай мүмкіндіктер ұсынады?

– Біз жастардың жан-жақты дамуына бағытталған шараларды жүйелі түрде ұйымдастырамыз. Жыл көлемінде 317 шара өткізіп, 7 543 жасты қамтыды. Олардың ішінде «Жас маман», «Дін және жастар», «Еріктілер мектебі», «Мен спортты таңдаймын», «Jas kasipker» жобасы бойынша кездесулер дәстүрлі түрде ұйымдастырылады. Сонымен қатар, жастар арасында әскери-патриоттық тәрбие беруге ерекше көңіл бөлініп келеді. «Айбын» әскери-спорттық сайысы, «TartylFest» спорттық шарасы, «Теңізде туған Тарлан» мобилографтар сайысы сияқты ерекше іс-шаралар ұйымдастырылды.

– Еріктілерге арналған жобаға тоқталдыңыз. Аудандағы еріктілердің тыныс-тіршілігі қандай?

– Иә, еріктілік маңызды жұмыс. Жыл басынан бері 38 қайырымдылық шарасы өтті. Сонымен қатар, «Taza Qazaqstan» республикалық экологиялық акциясы аясында ауданымызда 1 500 түп ағаш отырғызылды. Сонымен қатар, «Мөлдір бұлақ» экологиялық апталығы барысында көлдер жүйесі мен су айдындарының айналасы тазартылды. Біздің «Жас Толқын» еріктілер тобы 2017 жылдан бері белсенді жұмыс істеп келеді. Олар ардагерлерге, мұқтаж жандарға көмек көрсету, экологиялық акцияларға қатысу сияқты бағыттарда қызмет атқарады.

– Алдағы жоспармен бөліссеңіз.

– Алдағы уақытта NEET санатындағы жастарды әлеуметтендіру, кәсіпкерлікке бағыттау, волонтерлік қозғалысты кеңейту бойынша жаңа жобалар қолға алынады. Сонымен қатар, жастардың денсаулығына, психологиялық қолдауына ерекше мән беретін боламыз. Біз жастардың өз жолын тауып, қоғамның белсенді мүшесі болуына барынша жағдай жасауды жалғастыра береміз.

– Уақытыңызды бөліп, сұхбат бергеніңіз үшін рақмет!

Сұхбаттасқан
Ә.ЖАНӘБІЛҚЫЗЫ

АБЫЛАЙ ШАЙХЫСЛАМ:

ЖАНЫҢ ЛӘЗЗАТ АЛАТЫН ЖҰМЫСПЕН АЙНАЛЫС

Қазіргі қазақ жастарының ұғымы мүлде бөлек. Шынын айту керек, кеңестік дәуірдің кезеңіндегідей әлдебіреудің қол астында жұмыс жасауды жоспарлай бермейді. Жеке бизнес, бренд шығарсам немесе трендте болсам деп мақсат қояды. Соның бірі – Абылай Шайхыслам. Өңірге белгілі «ORDA Travel» туристік агенттіктің негізін қалаушы. Жылына жүзден аса саяхатшыны бақытқа бөлейтін гид маманын сұқбат алаңына шақырдық.

– Абылай Шайхыслам, алдымен уақыт тауып, келісім бергеніңізге рақмет. Сыртыңыздан бақылайтын азаматтарға мектеп мұғалімі болудан бас тартқаныңыз қызық. Осы жайлы айтыңызшы?

– Қош көрдік! Менің жасым ол уақытта 24-те. Шыны керек, жақсы жалақы алсамда тұрақты жұмыспен айналысқым келмеді. Көбіне өзімді еркін әрі елдің назарында жүргенді жаным қалады. Туризм саласын қолға алғалы таңдауымның дұрыс шешім екеніне көз жеткіздім.

– «ORDA Travel» кімнің идеясы? Қалыптасу кезеңін оқырманға жеткізейікші...

– Бұл ұзақ әңгіме (күліп). Астана қаласында соңғы курс студентімін. Сол сәттері жанымды «бірдеңе жасау керек» деген сұрақ жиі мазалайтын. Солай жүріп, жарты жылға жуық уақытымды жоғалтып алдым. Елордадан қайтатын ойым жоқ. Болашақ жоспарларымның басым көпшілігін бас қаламен байланыстырып қойғанмын. Сөйтіп, отбасыммен ақылдаса келе Қызылордадан дүкен ашатын болып шештім. Келдім, аштым. 4 айда банкрот болдым. Сол аралықта Астанадан ағамның қоңырауы түсіп, туризм саласын ұсынып көрді. Сол кездегі Абылайды «Оған кім барады? Қалай апарамын?» деген қорқынышты сұрақтар мазалай берді. Менің «Бастап көру керек» деген жақсы қасиетім бар. Соның арқасында алғашқы турды тәтеммен бірге жылдам ұйымдастырып жібердік.

Алғашқы тур әлі есімде, «Тау самалы» демалыс курортына саяхат. Бұл сапардың да өз қызығы бар. Алғашында екі автобусқа шақтап саяхатшыларды жинап алдық. Шығындарды жобалап есептедік. Енді шығатын күні «Тау самалы»-нан хабарласып, таудың басында қардың жоқ екенін жеткізгенде, мүмкін бизнес менікі емес деген ой келді. Құдайдың қарасқаны болар, сол саяхатшылардың арасынан қар болмаса да барғанымыздың өзі олжа деп бастама көтеріп, сапарға шығып кеттік. Алғашқы турды аман-есен аяқтап, табысымды есептеп көрсем, қалтамда 2000 теңге ғана қалыпты. Бірақ маған, сол кісілермен өткізген уақыт, жол көрсеткен, саяхатшылардың назары менде болғаны ұнап қалды. Сосын осы кәсібімді одан әрі жалғастыруды жөн көрдім. Аллаға шүкір, қазіргі таңда бір жылда 12 мемлекетке тур ұйымдастырамыз.

– Қарап отырсақ, әлеуметтік желілерде белсендісіз. Кей блогерден де асып түсесіз. Аудиторияңыздың ауқымы қалай кеңейді?

– Бастапқы уақытта «ORDA Travel» парақшасына тіркелушілер күн сайын артып отырды. Ешкімнің көмегінсіз, екі аккаунтымды қалыпты деңгейде жүргізіп жүрдім. Шамамен 35-36 мың оқырманым болды. Бұл тура бір жыл бұрынғы көрсеткіш. Бір уақыттары мен тұрақты оқитын қызылордалық блогер, жастардың арасында кең таралған Нұрбек Хамидуллаев бауырым саяхаттың бағасын сұрап жазған болатын. Мен қуана тегін алып кетемін деп ұсыныс жасап, таныстық бастағанбыз. Сапардың сәтті болғаны соншалық, мен жақсы жолдас тауып, бір – бірімізге септігімізді тигізіп келеміз. Ол маркетинг саласының қыр-сырын түсіріндіріп, оқырманмен қалай кері байланыс жасау алгоритмдерін ашық айтып берді. Міне, сол уақыттан бері 1 жыл өтті. Қазір 130 мың оқырманым бар. Осы жерде керемет кеңесім – жаңа таныстықта әрқашан ашық болу керек. Оның тигізер пайдасы өте көп.

– Бизнес болған жерде түрлі жағдайлар орын алып жатады. «Қадалған» уақытыңыз болды ма?

– Әрине, кез келген кәсіпкердің басынан өтетін жағдай деп ойлаймын. Бизнес сонысымен қызық. Жақында ғана Дубай сапарының өзінде 500 долларға ұтылып қалдым. Кәсіпте кішкентай немесе үлкен қателік деген болмайды. Қай қайсысы да сені тақырға отырғызып жіберуі мүмкін. Мынадай қызық болған. Ойымда ештеңе жоқ, Дубайдан қайтып келе жатырмыз. 1000 долларды шамаданға сала салдым. Өзім ұшып кеттім. Келіп, күтіп алып қарасам, ішінде ақшам жоқ. Кімнің қай жерде қандай әрекет жасағанын айтып, кінәлай алмаймын. Бірақ 1000 доллар да аз ақша емес. Қызығы, доллардың қасында арабтың ақшасы дилхам және қырғыздың сомы да болған еді. Алайда, сөмкемде тек қырғыздың қызыл ақшасы ғана қалыпты. Білген кезде, көңілім сәл түсті. Бірақ, өзіме сабақ болған бұл сәтте «Мен қаншалықты ақша жоғалтсам, соған сай қаржы тауып жүрмін» деп ойтүйдім. Бұл жағдайдың менің басымнан өткеніне қуандым. Нәтижесінде, саяхатшыларыма сабақ ретінде айтып жүремін.

– Адамдардың басым көпшілігі шетелге шығар алдында қауіпсіздігіне алаңдайды. Осы жағдайдың алдын қалай аласыз?

– Адам бірінші сену керек. Қорқыныштардың барлығын миынан шығарып, тек жақсы нәрселерді ойлау қажет. Мен 9 елге саяхаттадым. Айтарым, туристік мемлекет саяхатшыларды қабылдап үйреген. Келген қонақтарға қауіп төндіру деген жағдайлар жоқтың қасы. Қараңызшы, ұшаққа міне алмаймын дейді. Себеп – құлауымыз мүмкін деп түсіндіреді. Құдай сақтасын, жол да, темір жол да апат орын алады. Ал сол қорқыныш тудыратын – ұшақ ең қауіпсіз тасымал ретінде дәлелденген. Сондықтан, жақсы ойлау керек, сену керек және сену керек...

– Рақмет, керемет жауап болды. Қорытындыласақ, уақытын құр телефонда өткізетін өзіңіздің замандастарыңызға, інібауырларыңызға қандай кеңес айтар едіңіз?

– Адамға ең бірінші – қаржылық сауаттылық қажет. Қанша көп табыс тапсаңыз да сауатыңыз болмаса, ешқашан нәтиже көрсете алмайсыз. Екіншіден, жасыратыны жоқ, жастардың көбі микрофинанстық мекелемелерге және азарттық ойындарға басы байланып қалған. Осы дүниелерге жоламауын сұраймын. Жеңіл ақшаның берекесі болмайды және жақсылыққа апармайды. Арам ақшаға иланбай, адал еңбек етуге тырысу керек. Әлемде ақша көп, тек соны қалай табу керектігін ойланып, әрекет ету қажет.

– Сұқбатыңызға рақмет! Алдағы жоспарыңызға сәттілік тілеймін!

Әңгімелескен
Айдос МЫРЗАЛЫ

Басы 1-бетте

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ: ТАРИФ НЕГЕ ӨСТІ?



Бұдан бөлек, энергетикалық инфрақұрылымды жаңғырту қажеттілігі тарифтерге ықпал етеді. Қазіргі таңда еліміздегі көптеген электр станциясы мен тарату жүйесі ескірген. Оларды жөндеу және жаңарту үшін қосымша қаржы қажет, бұл өз кезегінде тарифтердің көтерілуіне алып келеді.

Сондай-ақ, жаңартылатын энергия көздерін дамыту да тарифтердің өсуіне әсер етеді. Қазақстан үкіметі экологиялық таза энергия көздерін қолдауды мақсат еткендіктен, жаңартылатын энергия өндірушілеріне субсидиялар беріледі. Бұл шығындар электр энергиясының жалпы бағасына қосылады.

Қазақстанда 2025 жылдың 1 ақпанынан бастап электр энергиясының бағасы көтерілуі мүмкін делінді. Оған Энергетика министрлігінің электр энергиясына шекті тарифтерді бекітуі себеп болды. Қазақстанның 36 энергия өндіруші ұйымы электр энергиясының шекті тарифтерін түзетуге өтінім берген. Сонымен қатар үш жаңа компания энергия өндіруші ұйымдар тізіміне кіру үшін тарифтерді белгілеу ұсынысын айтқан.

Министрдің бұйрығы 22 қаңтарға дейін талқылау үшін «Ашық нормативтік-құқықтық актілер порталына» жарияланды. Бұйрық жобасында энергия өндіруші ұйымдардың көпшілік тобы үшін шекті тарифтерді көтеру көзделген. Құжатта тек топтар көрсетілген. Ал осы топтарға сәйкес ұйымдардың атаулары Энергетика министрінің (05.12.2018 ж., № 476) бұйрығымен берілген.

Бірыңғай сатып алушы үшін электр энергиясының құнының өсуі кВт/сағ үшін шамамен 2 теңге болуы мүмкін. Энергия өндіруші ұйымдар тізіміне үш жаңа кәсіпорынды енгізу жоспарланып отыр. Бірақ олардың атаулары көрсетілмеген.

Электр энергиясының бағасының көтерілуіне бірнеше негізгі фактор ықпал етіпті. Айтуларынша, жалақының артуы бірінші себептің бірі. Энергетика саласындағы жұмысшылардың орташа жалақысы 2024 жылы 18%-ға өсіп, 425 мың теңгеге жетті. Ал 2025 жылы бұл көрсеткіштің 15-20%-ға ұлғаюы мүмкін, нәтижесінде орташа айлық 490 мың теңгеге дейін жетеді. Министрліктің бұйрық жобасында «Жалақыны көтеру білікті мамандарды тарту және оларды саладан кетуден қорғау мақсатында жасалды» деп көрсетілген. Екінші, саладағы кадр тапшылығы. Энергетика саласында жұмыс істейтін мамандар саны 2024 жылдың қаңтар айындағы дерек бойынша 52,5 мың адамды құрады. Алайда штаттық қажеттілік 57 мыңды құрайды. Бұл 4,5 мыңнан астам маманның жетіспеушілігін білдіреді. Қызметкерлердің жетіспеуі – саладағы негізгі мәселелердің бірі. Өндіріс орындарында жұмыс күшінің азаюы тарифтердің көтерілуіне жанама әсер етеді, себебі кәсіпорындар бәсекеге қабілетті жалақы ұсынуға мәжбүр екен. Үшіншіден, жанармай мен материалдардың қымбаттауы. Электр энергиясын өндіру үшін көмір, газ және басқа да отын түрлері пайдаланылады.

Сурет ашық дерекқоздан алынды

Олардың бағасының өсуі энергия өндіруші кәсіпорындардың шығындарын арттырады. Сонымен қатар, металл, жабдықтар мен жөндеу материалдарының қымбаттауы да қосымша шығындарға әкеледі. Бұл өзгерістер тарифтердің көтерілуіне себеп болып отыр.

Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының ресми сайтында жарияланған мәліметтер бойынша 2021 жылдың 1 сәуірінен бастап «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ тасымалдау қызметінің тарифі 1,78%-ға өсіп, 1 кВт/сағ үшін 5,52 теңгеден 5,62 теңгеге дейін артқан. Бұл өзгеріс облыстағы үш негізгі электрмен жабдықтаушы ұйымның тарифтеріне де әсер еткен еді.

«Дәулетэнерго» ЖШС үшін тариф:

• Орташа босату тарифі: 20,33 теңгеден 20,72 теңгеге дейін (0,39 теңгеге немесе 2,4%-ға өсті).

• Тұрғындар үшін: 18,80 теңгеден 19,16 теңгеге дейін (0,36 теңгеге өсті).

«Шиелі жарығы» ЖШС үшін тариф:

• Орташа босату тарифі: 18,46 теңгеден 18,91 теңгеге дейін (0,45 теңгеге немесе 2,4%-ға өсті).

• Тұрғындар үшін: 17,40 теңгеден 17,83 теңгеге дейін (0,43 теңгеге өсті).

«Энергосервис» ЕЖШС үшін тариф:

• Орташа босату тарифі: 18,47 теңгеден 18,88 теңгеге дейін (0,41 теңгеге немесе 2,2%-ға өсті).

• Тұрғындар үшін: 16,33 теңгеден 16,70 теңгеге дейін (0,37 теңгеге өсті).

Қазіргі жағдай қандай? Бұны білу үшін сала басқармасына хабарластық. Нәтижесінде таңнан кешке дейін жауап күтіп, бір бейтаныс нөмірге қарық болдық. Саланың маманынан бірауыз сөз айтуды талап еткен едік. Жариялайық. Қайткенмен де, халыққа «қызмет» жасап отырғандар ғой. Олардың айтуынша, 2025 жылы тариф құны өзгіріссіз. Ұлғаймаған екен.

Түйін. Еліміздегі халықтың алқымынан алып, бағалардың күрт өсуінің ең негізгісі – түсініксіз себептермен бағаның үнемі шарықтауы. Шындығында, халыққа электр энергиясының жетіспеушілігі емес, оны басқарып отырғандардың тиімділігінің төмендігі ауыр тиеді. Қызылорда облысында тарифтер 2025 жылы өзгеріссіз қалатыны айтылса да, бұл уақытша тұрақтылық па, әлде... Бұл енді уақыт еншісінде...

Азамат АБИМОЛДА

Басы 1- бетте

МӘСЕЛЕСІ МОЛ МОБИЛЬДІ АУДАРЫМ

СУРЕТТІ ТҮСІРГЕН НҰРБОЛАТ НҰРЖАУБАЙ

Мобильді аударымдар мен банк қызметтері тығыз байланысты болғандықтан, банк жүйесінің деректерді қорғаудағы рөлі ерекше. Қазақстандағы банктер тұтынушыларға қауіпсіз және ыңғайлы мобильді банкинг қызметін ұсынуда басты рөл атқарады.

Қазақстанның ең ірі банктері – Halyk Bank, Kaspi.kz, ForteBank. Бұл қаржы институттары кейінгі жылдары заманауи мобильді қосымшаларды іске қосып, өз клиенттеріне жылдам әрі тиімді қызмет көрсетуге тырысады. Пайдаланушыларға қауіпсіздік шараларын сақтап, операцияларды бақылауға мүмкіндік беретін екі факторлы аутентификация, биометриялық деректермен растау секілді технологияларды ұсынады.

Halyk Bank пен Kaspi.kz мобильді банкинг қызметін халық арасында кеңінен танымал етіп, банк бөлімшесіне барудың қажеттілігін азайтты. Тіпті арнайы мемлекеттік құжатқа қол жеткізу мен коммуналды жұмыстардыатқару оңтайланды. Әсіресе Kaspi.kz өз экожүйесін дамытып, бірқатар қызметті (төлемдер, аударымдар, онлайн дүкендер және т.б.) біріктіріп, тұтынушыларға ыңғайлы жағдай жасауда. Kaspi.kz-тің басты артықшылығы – клиенттерге жеңіл интерфейспен жылдам қызмет көрсету, аударымды секундтар ішінде жүзеге асыру мүмкіндігі екені көбімізге мәлім. Сол себепті аталған банк қосымшасын қолданатындардың саны күннен күнге артып келеді.

Виртуалды аударымның кемшін тұсы

Мобильді аударымдар бастапқыда үлкен жеңілдікпен қабылданды. Банктегі кезек пен қағазбастылықтың орнына, бар-жоғы бірнеше батырманы басу арқылы қалаған адамға қаражат жіберуге мүмкіндік туды. Әсіресе Қазақстанда бұл қызмет түрі қарқынды дамып, қаладан ауылға, бір аймақтан екінші аймаққа тез әрі сенімді төлем жасау оңтайландырылған. Дегенмен технология дамыған сайын қауіп-қатердің қатар жүретіні белгілі. Оның үстіне қаражатымыздың көп бөлігі виртуалды форматта болғандықтан, оны тиімді жұмсау мәдениеті мен қаржылық сауаттылықты елемеуге бейімделіп келеміз.

Мобильді аударымның тағы бір кемшілігі ретінде бір банктен екінші банк картасына қаржы аудару операциясындағы комиссия көлемін атап өтуге болады. Мәселен, Halyk Bank-нен Kaspi.kz банкке аударым жасағанда 200 теңге көлемінде комиссия ұсталады. Бұдан бөлек, Kaspi.kz банкі жыл сайын өз тұтынушыларынан 1990 теңге көлемінде жылдық қызмет көрсету төлемін алады. Өкінішке орай, бұл төлем көпшіліктің наразылығын тудырады, себебі төлем алынатыны туралы алдын ала хабарландыру жіберілмейді. Аталған кемшіліктер қаржы институттарына деген сенімділікті төмендетіп, тұтынушылардың банк қызметіне қатысты түсінбеушілігін арттырған соң кемшіліктер түзетіліп, бүгінде алдын ала хабарлама жолдайтын болған.

Жеке дерек жіті бақылауда ма?

Қаржы мамандарының пікірі бойынша, басты қауіп – жеке деректердің қолжетімділігі. Қазірдің өзінде түрлі хакерлік шабуылдар арқылы банктік шоттардың бұзылуы, адамдардың қаржылық мәліметтерінің ұрлануы жиі кездеседі. Осыған орай мобильді банкинг жүйелері бойынша деректерді қорғау шараларын күшейтуге тапсырма берілді. Банк қосымшалары алаяқтан сақтануға шақыратын хабарламаны жиі жіберіп отырса да, көзсіз алданып жүргендерді де соншалықты жиі кездестіреміз. Бірақ қарапайым халықтың бұл мәселеге көп көңіл бөле бермейтіні өкінішті. Әлеуметтік желілерде қаржылық операциялар жүргізу кезіндегі немқұрайлылық пен ашықтық адамды күтпеген жағдайға әкелмесіне кім кепіл?

– Қаржылық аударымдардың толық ашықтығы, барлық инфрақұрылым деңгейлерінде тең түрде жүзеге асса, әрине, пайдалы әрі тиімді болар еді. Ашықтық қоғам мен мемлекеттің мүддесіне қызмет етеді деп санаймыз. Дегенмен қазіргі уақытта көптеген салада бұл мүмкіндіктердің толық іске аспай жатқаны байқалады. Әлемде жалпы ақша айналымының шамамен 50%-ы ашық түрде жүрсе де, қалған бөлігі офшорлар немесе блокчейн технологиясы арқылы көрінбейтін айналымда жүр деп айтуға болады.

Әлеуметтік аударымдар мен қаржы айналымының ашықтығын бағалағанда, бұл жүйені біржақты жақсы немесе біржақты жаман деп айту қиын. Өйткені әрбір азаматтың жеке дерегі мен қаржысы туралы ақпараттың ашық болуы – олардың құпиялылығын бұзуы мүмкін деген қауіп те бар. Бірақ сол уақытта, көлеңкелі жолмен бизнес жүргізіп жүрген кәсіпкерлердің заңсыз әрекеттерін анықтап, мемлекеттік қазынаны толықтыру да оң шешім болар еді. Мұндай шаралар әділеттілікті орнатуға және экономикадағы қаражатты тиімді пайдалануға септігін тигізері анық.

Алайда мәселенің екінші жағы да бар. Егер қазынаға түскен ақша кейін дұрыс пайдаланылмаса, тіпті қара нарыққа кетіп қалса ше? Сол кезде мемлекет қарапайым кәсіпкерлерге салықтық ауыртпалықты екі еселейді. Бұл өз кезегінде, онсыз да аз табыспен күн көріп отырған көптеген кәсіпкерді банкротқа ұшыратуы мүмкін. Олардың табыс көзі құлдырап, тіпті өмір сүру сапасы нашарлауы ықтимал.

Осылайша, қаржы айналымының барлық деңгейде ашық болуы, әрбір азаматқа ашық интернет арқылы қаржы ағымдарын бақылауға мүмкіндік берілсе, бұл тамаша шешім болар еді. Дегенмен Қазақстанның жемқорлық деңгейі бойынша 180 елдің ішінде 92-орында тұруын ескерсек, мұндай жүйенің дұрыс жұмыс істейтініне күмәнім бар.

Қорытындылай келе, қаржы ашықтығы мемлекет пен қоғам үшін оң әсерін тигізе алатын маңызды қадам бола тұра, оның жүзеге асырылуы кезінде бизнес пен азаматтардың құқығы сақталып, әділеттілікті қамтамасыз ету аса маңызды деп санаймын, – дейді қаржы маманы Заманбек Жақсылықов.

100 аударым: Көлеңкелі кәсіпке тоқтау

2025 жылдан бастап Қазақстанда мобильді аударымдарға қатысты заңнамалық өзгерістер күшіне енбек. Бұл өзгерістер негізінен салық саласына қатысты. Қаржы министрлігі мобильді аударымдарды бақылауға алып, азаматтар мен кәсіпкерлер арасында жүргізілетін төлемдерді қадағалауды жоспарлауда. Әсіресе шағын бизнес өкілдері бұл өзгерістердің басты нысаны болмақ.

2025 жылдан бастап енгізілетін ең негізгі өзгерістердің бірі – бір айда 100 мобильді аударым жасаған тұлғаға қатысты талаптар күшейетін болады. Бұл ереже салық саласын реттеуге және жеке тұлғалар мен кәсіпкерлер арасындағы қаржылық операцияларды қадағалауға бағытталған.

Қаржы министрлігінің жаңа талаптарына сәйкес, егер жеке тұлға бір ай ішінде 100 реттен артық аударым жасаса, яғни белгілі бір тұлғаның есепшотына 255 мың теңгеден артық қаражат түсетін болса, оның қаржылық әрекеттері автоматты түрде тексеріледі. Бұл тексеріс аударымдардың кәсіпкерлік мақсатта жасалғанын немесе жай ғана жеке қажеттіліктер үшін жүргізілгенін анықтауға бағытталған. Егер аударымдар кәсіпкерлік сипатта болса, онда салық органдары мұндай тұлғаларды бақылауға алып, сәйкес салықтарды есептейді.

Көптеген кәсіпкер көлеңкелі бизнеспен айналысып, мобильді аударымдарды заңды түрде ресми есепке алмайды. Олар салық төлеуден жалтарып, төлемдерді бейресми түрде жүргізеді. Мемлекет аталған заң бұзушылықты анықтау һәм тоқтау салу мақсатында аударымдарды осылайша бақылауға алмақ.

Мобильді аударым – қазіргі қоғамның маңызды бөлігі. Десек те сақтық шараларын естен шығармай, өз қаражатыңызға сақ болғаныңыз абзал!

Қорлан САРЫ

ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУ

ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІПТІ НЫҒАЙТУ ЖЫЛЫ

2025 жыл Ішкі істер министрлігі тарапынан қылмысқа қарсы профилактика жылы деп жарияланды. Бұл бастама қоғамдық тәртіпті нығайту, қылмыстың алдын алу және құқықтық мәдениетті арттыру мақсатында іске асырылмақ. Жоба аясында құқық қорғау органдары қылмыстың алдын алу шараларын күшейтіп, халықпен өзара іс-қимылды жақсартуды көздейді. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған бұл жыл азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыруға және заң бұзушылықтардың алдын алуға жаңа серпін береді.

Қылмысқа қарсы профилактика өңірімізде қалай жүзеге асырылып жатқаны туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында Қызылорда облысы ПД жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы Ердәулет Жаукеев баяндады.

– Облыс көлемінде «Қауіпсіз аймақ» жедел профилактикалық іс-шарасы тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді. Есепті мерзімде облыс көлемінде құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу бағытында жүргізілген профилактикалық жұмыстардың нәтижесінде бұрын сотталғандармен жасалған қылмыстар 7,9 пайызға, оның ішінде соттылығы жойылмағандармен 20 пайызға, рецидивпен 50 пайызға, топпен жасалған қылмыстар 22,2 пайызға төмендеді. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында «мүлдем төзбеушілік» қағидаты негізінде 4977 әкімшілік құқық бұзушылық анықталды. Сондай-ақ, облыс көлемінде жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу, олардың арасында қылмысқа жол бермеу мақсатында «Түнгі қаладағы балалар» жедел профилактикалық іс-шарасы өткізілді. Былтырғы жылмен салыстырғанда жол-көлік оқиғалары төмендеп, жол – көлік оқиғаларының алдын алу бағытында атқарылып жатқан жұмыстардың тиімділігін көруге болады. Жол апатына әсер ететін құқық бұзушылықтарды анықтауға басымдық беріліп, бұл бағыттағы жұмыстар күшейтілуде. Осы ретте 18 ақпаннан бастап облыс көлемінде «Қауіпсіз жол» іс-шарасы өткізілмек. Ол 21 ақпанға дейін жалғасады, – деді Ердәулет Баянбайұлы.

«АЖ» ақпарат

АЙНАГҮЛ ӘБУОВА:

СЫР БОЙЫНЫҢ АЙТЫС МЕКТЕБІ АЛТЫН ДӘУІРІН БАСТАН ӨТКЕРУДЕ

Ақын, айтыскер, ғалым Айнагүл Әбуованың есімі Сыр бойындағы өнер иелеріне жақсы таныс. Жасында айтыстарға қатысып, бәйгенің алдын бермеген талантты ақын қазір ғылыммен айналысып, шәкірт тәрбиелеуде. Қаламгердің сырға толы лирикалық өлеңдерін эстрада әншілерінің орындауында тыңдап та жүрміз.

– Айнагүл Оңталапқызы, бір кездері аймақтық, республикалық жыр додаларында бақ сынап, елдің ықыласына бөленген айтыскер болдыңыз. Сырдағы танымал өнер иелерімен бірге айтыстарға қатыстыңыз. Басылымның жас оқырмандарына өзіңіз туралы толығырақ айтып беріңізші…

– 1975 жылы Арал қаласында дүниеге келдім. Оқушы кезімнен-ақ қазақ әдебиетіне, жыраулар мұрасына деген қызығушылығым жоғары еді. №220 мектептің 9-сыныбын бітіргеннен кейін қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен өткен республикалық пәндік олимпиадада 1-орын иеленіп, Қызылордадағы дарынды балалардың мектеп-интернатына ең алғашқылардың бірі болып қабылдандым. Білім ордасы қазіргі №15 мектеп-гимназияның базасында жасақталған болатын, мектеп-интернатты күміс медальмен тәмамдадым. Бірақ ол кезде жоғары оқу орнына түсу өте күрделі еді. Екі жыл бойы түсе алмай, Аралдағы «Ұландар үйінде» әдіскер, үйірме жетекшісі болып жұмыс істеудің сәті түсті. 1994 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіне тағы да құжат тапсырып, «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығына оқуға қабылдандым. 1998 жылдан бастап осы университетте еңбек етіп келемін. Қазіргі уақытта оқу орнындағы «Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі» білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрімін. 30 жылға жуық уақыттан бері бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау ісіне үлес қосып, бар білгенімді студенттерге үйретіп, білмегенімді солармен бірге үйреніп келемін.

Көпшілікке алғашында жазба ақын ретінде танылдым. 5-сынып оқып жүргенімде «Қазақстан пионері» газетіне ақын Фариза Оңғарсынованың алғы сөзімен бір топ өлеңдерім жарық көрді. Содан бастап жыр шумақтарым түрлі мерзімдік басылымдарда жариялана бастады.

Алғаш айтысқа келуіме ықпал жасаған аралдық айтыскер ақын Гүлнәр Дәрменқұлова болатын. Бірде өнер иесі үйге келгенде қабілетімді байқап, оқушылар айтысына өзі дайындағаны есімде. Кейіннен пионер, комсомол жастарының айтысына қатысып жүріп, ақын Бекұзақ Тәңірбергенов, Оңталап Нұрмаханов, Малика Нұрәлиева, Талғат Тілеулесовтермен бірге ел алдына шығып, өнер көрсеттім. Осылайша ағалардың кеңесімен шыңдалып, аудандық деңгейде таныла бастадым. Студент кездегі оқытушым Сәнімкүл Желдербаева ой-танымым, көзқарасымның қалыптасуына ықпал етіп, шаршы топтың алдына тосылмай шығуым үшін бағыт-бағдар берді. Жыр додасында орнықты ой, сүбелі сөз айту үшін де ақыл-кеңесін аямайтын ұстаз, ізденіс керек екені рас.

1994 жылы облыста алғаш рет ұйымдастырылған телеайтысқа шақырылып, жеңімпаз атанып, республикалық айтыстарға жолдама алдым. 1998 жылы республика жастарының шығармашылығын дамытуға арналған «Шабыт» фестивалінде «Айтыс» номинациясы бойынша I орын иелендім. Ол кезде Фариза Оңғарсынова қазылар алқасының төрағасы еді.

1999 жылы Астананың елорда болғанына 1 жыл толуына орай «Жыр арқауы – Астана» атты аламан айтыс өтіп, 33 ақынның арасынан I орын бұйырды. Одан кейін де айтыстарға қатысып жүрдім.

Республикалық айтыстарға қатысып, лайықты қарсыластар таптым десем болады. Сол жылдары ақын Қалқаман Сарин, Мұхамеджан Тазабеков, Бекарыс Шойбеков, Балғынбек Имашов, Ахметжан Өзбеков, Анар Жапарқұлова, Серік Құсанбаевтармен айтыстық. Өзге де есімі көпке танылған, танылмаған ақындармен сөз қағыстырып, өз қал-қадірімше көрерменге ой салатын жыр шумақтарын арнадым десем болады.

Айтыстарға қазылық еткен Фариза Оңғарсынова апайдан бастап, Қонысбай Әбілов, Серік Тұрғынбеков, Төлен Әбдіков, Сыр бойынан шыққан танымал ақын, қаламгерлер Сейіл Боранбаев, Асқар Кіребаев, Айжарық Сәдібекұлы, Әскербек Рақымбеков, Дүйсенбек Аяшұлы, Сәнімкүл Желдербаевалар өнеріме баға беріп, қазылық етті.

Сыр бойындағы айтыс өнерінің алып көшінде жүрген қыздардың бірі Елена Әбдіқалықова апайымды ерекше құрметтеп, өнерін өнеге тұтқан адаммын. Айтыстың ақтаңгерлері Махамбетқали Тұрсанов, Замамадин Ибадуллаев ақсақалдардың батасын алдық. Одан беріде өз қатарластарым Кенжебай Жүсіпов, Әбілқайыр Сыздықов, Жұмабай Шерниязов, Шымберген Сүлейменов, Қайрат Құлекешов, Зухра Төлеповалармен бірге Сыр бойындағы ақындар мектебінің бір кезеңдегі көшін жалғадық десем де болады.

Дәл қазіргі сәтте Сыр бойының айтыс мектебі алтын дәуірін бастан өткеруде. Алтындай жарқыраған Мұхтар мен Мейірбек, көпке танылып келе жатқан Бексұлтанымыз, айтыста жүрген басқа да талантты жастарымыз бар. Қашанда Сыр бойындағы айтыстың ғұмыры ұзақ болсын деп тілеймін.

– Кейінірек көрермен сізді айтыстардан көре алмады. Бұған университеттегі оқытушылық қызмет, өз саланызда ғылыми зерттеулер жүргізуіңіз ықпал етті ме?

– Айтысқа отбасылы, бөпелі болғаннан кейін бармадым. Тым балажан болдым ба, әлде бәрін бірдей ұстап жүре алмадым ба, білмедім.

Бұған ғылыми зерттеулер жүргізуім де ықпал еткен болар. Бастауыш сыныптағы әдебиеттік оқу әдістемесі

төңірегінде ғылыми жұмыстар жазып, Scopus базасында 2 мақала, \h-индекс-1\ басқа да республикалық басылымдарда ғылыми мақалалар жариялап жүрмін.

Жоғары оқу орнында да өз саласының үздіктерімен, ғалымдармен әріптес екенім ерекше қуантады. Білім беру саласының дамуына үлкен үлес қосқан Алтынбек Ерназаров, Бақытжан Сайлыбаев, Төлеген Есенбаев, Зинаида Сексенбаева сынды аға буын өкілдері жас кезімізден ғылымға баулып, жол көрсетіп, көп қамқорлық танытты.

– Ат сүрінгенше ақыл табатын айтыскер болу оңай емес. Жыр аламанында оралымды ой, айшықты сөз табу үшін жастар қалай ізденуі керек? Айтыскер болу тума талантқа тікелей байланысты ма?

– Ақын болу үшін тіл керек. Ауыз әдебиеті, мақал – мәтелдерді жаттап өсу қажет. Қаймағы бұзылмаған шұрайлы тілімізді рухани мол мұрамыздан, қазақ дастандары мен жырларынан табасың. Әрине, тума талант болмаса, кез келген адам сахнаға шығып, салиқалы сөз сабақтай алмайды ғой. Ақын – елдің ардағы. Ол парасатты, білімді болуы керек.

– Көп қойылатын болар, дегенмен сіз үшін шабыт деген не? Шабытты қайдан аласыз?

– Шабыт деген – керемет бір күй. Мен жаңбыр жауып тұрған сәтті қатты жақсы көремін. Өлеңді де сол кезде жазамын.

– Отбасының берекесін, отағасы мен балаларының жай-күйін ойлап жүретін әйел адам үшін ақын болу қаншалықты күрделі?

– «Әйел бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетеді» дейді ғой. Әйелдің жүрегі тыныш болса, барлық кереметті жасайды.

– Жуырда сіз туралы кітап жарық көреді екен. Бұл жинаққа қандай туындаларыңыз енеді?

– Осы кезге дейін жазғандарымды жинақтап, кітап дайындаудамыз. Лирикалық өлеңдерден бөлек, айтыстағы жыр шумақтарым, ғылыми мақалаларым да енгізілмек.

– Оқытушылық қызметіңізге де тоқталып өтсек. Жыл өткен сайын жасанды интелектінің енуі оқыту процесіне де әсер етуде. Бұл қаншалықты ұтымды? Ұстаздық қызметіңіздегі ең маңызды тәжірибеңіз қандай?

– Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау ісіне байланысты «Сауат ашу әдістемесі», «Әдебиеттік оқыту әдістемесі», «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» деген пәндерден сабақ беремін.

Жасанды интеллект қоғамның сұранысына орай өмірімізге дендеп енген жетістік деп ойлаймын. Бұрын оқытушыларға көп күш түсетін, айталық дидактикалық материалдар, көрнекілікті қолдан жасайтын болса, қазір жасанды интеллект уақытты үнемдеп, әдістемелік сабақтарды мазмұнды өткізуге мүмкіндік береді. Қай дүниені де жақсылық, ізгілікке пайдаланса, тигізер пайдасы зор. Жыл сайын әртүрлі қалада өтетін республикалық пәндік олимпиадаларға студенттерді апарамын. Сонда жұмыстардың көбі жасанды интелекттің көмегімен жасалатынын байқадым.

Сонымен қатар кафедрада студенттермен тәрбиелік жұмыстарды жүргізетін аға тәлімгермін. Мұғалім болуды таңдағанымен, білім алушылардың арасында ақын да, әнші, күйші, биші де болады. Көзі жанып, тапсырманы орындау кезінде шығармашылық қабілетін байқатып, талпынып жүретін студенттерді жиі кезіктіремін. Олар университеттегі уақытын тиімді пайдаланып, қабілетін шыңдай түссе екен деп, қолдау көрсетуге тырысамын.

– Ұлыңыз Ілияс Өтетілеу - Астана қалалық музыкалық жас көрермендер театрының актері. Балаңыздың өнеріне оқушы кезінен-ақ қолдау білдіріпсіз. Балаларыңыздың бәрі өнерге жақын ба?

– Иә, тұңғыш ұлым өнер жолын таңдады. Сондықтан оқушы кезінде қалалық жастар театрына жетектеп апарып, ұстазым, талантты ақын, танымал режиссер, сценарист Оңталап Нұрмахановқа тапсырдым. Балаларымның бәрі бірдей өнерге жақын емес. Қалғандары басқа саланы таңдады.

– Алдағы уақытта жастарды айтысқа баулып, шәкірт дайындауға қалай қарайсыз?

– «Болам деген баланың бетінен қақпа, белін бу» дейді ғой. Шәкірт боламын, ұлттың ұлық өнеріне қызмет етемін деген жастар болса білгенімді үйретуге әзірмін.

– Сұхбат үшін рақмет!

Монолог

Тал бесіктен тар бесікке жеткенше,
Аспан мен жер арасында ғұмырым.
Тасқа айналып, топырақтар кеткенше,
Көк бөрінің кейпіне еніп ұлыдым.

Қорқаулардың көкірегін қақ тілдім,
Табаннан сыз, өтті күні шекемнен.
Жариялап жарғыларын сақ, ғұнның,
Байламдарын байрақ қылып көтергем.

Асан болып қайғы-шерді қозғап ем,
Махамбеттің жебесі боп тартылдым.
Абылайдың түсінде де тозбап ем,
Отарлаудың отына кеп шарпылдым.

Табандарда жатсам дағы тапталып,
«Тәубе» деуден танбадым...
Тәуелсіздік деген тәуір атты алып,
Алдына кеп құлдық ұрдым Алланың.

Бірде ананың әлдиі боп әрленсем,
Бірде кеттім былдыры боп баланың.
Ғашықтардың ғазалымын, сәлден соң,
Шаңырақтың шырағы боп жанамын.

Ниеттердің назы болып не түрлі,
Көрсоқырмен көзім талай түйісті
Бүгін тағы бұркеп алып бетімді,
Пейілдерден іздеп келем пейішті.

***

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 85 жылдығына

Ие боп "иген құты" зор маңызға,
Тұранның топырағы толды аңызға

Түрілген той тұндігі құтты болсын!
Ой - қырдан ойлылар кеп ордамызға !!!
Игерткен мамандықты мағыналы,
Шәкірті талантымен танылады.
Білімнің сексен бес жыл дәнін сепкен,
Қорқыттың қасиетті шаңырағы!

Дарындар дайындайтын далаға тың,
Биікке байрақ алып бара (а)латын.
Жастары Ғани болып жана алатын,
Кірпіш боп дүниеге қаланатын.

Ғарыштың сырын ашар ғалымы бар,
Ұлтымның тәрбиесі, тәлімі бар.
Қорқыттың қобызының сарыны бар!
Әшпейтін жыр-терменің жарығы бар!

Әлемдік өркениет өріндегі,
Ілімді төрткүл дүние төріндегі,
Шәкіртім меңгерсін деп қызмет қылған,
Ұстаздар күн секілді көгімдегі!

Ахметтің Ақмешіттен таптым ізін,
Қоңырау сексен бес жыл қақты күзім!
Қадамың тойға келген құтты болып,
Табыңдар береке мен бақтың ізін!

***

Сал - домбыра, абыз - перне, мұң - шанақ,
Тарам-тарам тағдырымды тұмшалап.
Іңкәр - ғұмыр қос ішегің ұн қатса,
Сабыр таппай саңқылдайды сыр-сағақ!

Ар - домбыра, аққу мүсін, нас сұлу,
Байламыңа баянсыз ғой бәс тігу.
Жел толқытса желкен-әуен әуелеп,
Шер толқытса, шанағыңнан шаштың у.

Жан - домбыра, бесігімде әлди-ұн,
Әлди ұнмен әлі талай қалғиын.
Тиек-текке түйме-төзім түйіліп,
Сындырмаған сан ғасырда сан құйын...

Саз - домбыра, саусақ біткен сұғанақ,
Сыздатар ма, сырыңды ашып сыналап,
Кеудеңдегі көне мұңлық - күй-күмбір
Мың ғасырда мұқалмайтын мұрағат!

***

Ей, дала, сағым - жол, сақшы - бағандар,
Жүйткиді жоқ сұрағандар,
бақ сынағандар...
Сағым болар, біріне бағың қонар,
Тәуекеліңе тәуелді тақсыр адамдар.

Ей, дала, бар сенде анадай-жүрек,
Қамқор желің де шашымды
тарады-ай түзеп...
Кірпігімді қағуға қорқып тұрмын...
Жыртығыңды жымысқы жағалайды деп.

Талған өзекке төсіңнің тұз-дәмі - кенен.
Баба-тарихым шекара сызғаны - берен,
Суық қол, сұқ көздерден мұздады денем,
Мен сені қызғанып өлем...

Әңгімелескен Айдана ЖҰМАДИНОВА

14 ақпан көпшіліктің санасында «Ғашықтар күні» ретінде есте қалуда. Дегенмен кейінгі жылы бұл күннің тағы бір мағынасы ашылды. Ол – кітап сыйлау күні.

КІТАП – ЕҢ ЖАҚСЫ СЫЙЛЫҚ

International Book Giving Day 2012 жылы Ұлыбританияда пайда болған. Ал жаһанға танылуы Эмми Бродмурдың еңбегі. Американдық азаматтың бастауымен бұл күн әлеуметтік желіде мықтап насихатталған. Иә, бастапқыда балаларды кітап оқуға баулу және оларға кітап тарту ету идеясынан туындаған еді. Кейін ол әлемнің 40-тан астам елінде қолдау тауып, тек балаларға ғана емес, жалпы кітап сыйлау дәстүріне айналды. Бұл күннің басты мақсаты – адамдарды оқуға ынталандыру, кітапқа деген қызығушылықты арттыру. Осы орайда көптеген елде қайырымдылық акциялары ұйымдастырылып, кітапханаларға, мектептерге кітаптар таратылады.

UNESCO мәліметтеріне сүйенсек, әлемде әрбір бесінші адам кітап оқымайды немесе оған қызықпайды. Statista зерттеуіне сәйкес, 2023 жылы кітап сатып алу деңгейі көптеген елде төмендеген. Қазақстандықтар арасында кітап оқу әдетіне қатысты нақты деректер аз. Дегенмен, Ұлттық академиялық кітапхана жүргізген зерттеуге сәйкес, елімізде оқырмандар саны 2020 жылдан бері 15%-ға азайған. Негізгі себептер ретінде уақыт тапшылығы, цифрлық контентке тәуелділік, кітап бағасының қымбаттауы көрсетілген. Дегенмен жағдай түзеліп келеді. Қазақстан кітап оқу бойынша әлемде 46-орынға тұрақтады. 2018 жылғы зерттеуде біздің ел 75 елдің ішінде 61-сатыға тұрақтаған. Ал бұл рейтинг әр үш жыл сайын жаңарып тұрады. Ал елдегі кітапханалардың қорында 73 миллионға жуық кітап бар. Деректерге сүйенсек, кітапханалардың оқырманы 3 миллионнан 5 миллионға дейін көбейген.

Сыйға тартылған 2 270 кітап

Жуырда кітап сататын «Kitap al» дүкенінде 9 жастағы Азамат есімді оқушымен кездейсоқ әңгімелесіп қалдық. Қолында Дулат Исабековтің «Гауһартас» шығармасы. Ал ашық тұрған сөмкесінің ішінде қара сөздер жинағы мен бала тәрбиесіне байланысты кітап жатыр. Оқырманның жасы мен талғамындағы кітаптарға таңқалдық. Сұрастыра келе, қандай жанрға қызығатынын біліп, азды-көп сұхбаттасқандай болдық. Гауһартасты өзі оқып жүр екен, ал Абайдың қара сөздер жинағын інісіне сатып алыпты. Айтуынша, інісінің білімді болғанын қалайды. Ал бала тәрбиесіне байланысты кітапты тәтесіне алған көрінеді. Міне, өзі оқып қана қоймай, отбасының да қамын ойлап жүрген атына заты сай Азаматқа тәнті болдық.

Аймақтағы оқырман не дейді?

Облыс кітапханаларына кейінгі жылдары авторлардан 2270 кітап сыйға тартылған. Бұл өңірдегі оқырманның сапасын айшықтайтын сандар. Яғни, сырбойылықтар ақысыз білім көзінің мағынасы мен пайдасын біледі.

Ә.Тәжібаев атындағы Қызылорда облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы басшысының айтуынша, кітап – адам ақыл-ойының жемісі.

– Әрине кітапқұмарлар мен фанаттар бар. Кітапты сақтайтындар да бар. Бірақ халық арасында кітап оқу мәдениетін қалыптастыруымыз керек.

Мысалы жапондарды мықты халық деп қабылдаймыз. Ал олардың оқушысына бір жылда 70 кітап оқуға міндеттелген, – деді Нұрлыбек Кәрібозұлы.

Ажырамас дос бола білетін кітаптың қадірін білгендер мен сауатын ашып, көзқарасын кеңейтуді қалайтындардың да ортақ алаңы бар. Мысалы, 2019 жылы облыста «Кітап құрттары» атауымен оқырман клубы ашылды. Әуелде 10 адамнан басталып, бүгінде клуб мүшелерінің қатары артқан.

– 6 жыл ішінде клуб мүшелерінің де қатары артты. Біздің де мақсатымыз кітапты насихаттау. Қазір Qyzylorda арнасында екі жобамыз бар. 10-11 сыныптарға арналған интеллектуалды «Ziyatker» сайысы және қалада кітап оқуға ынталы жандармен сұхбатқа құрылған «Велософия» хабары. Осындай жұмыстардың басында жүрміз, – деді Нұрболат Олегұлы.

Кітап – білімнің бастауы, мәдениеттің мәйегі. Елдегі кітап мәдениетінің дамуы қуантады. Кітапханаларға тарту етілген мыңдаған басылым, оқырман клубтарының көбеюі, жастардың интеллектуалды жобаларға атсалысуы – осының айғағы. Десе де, қоғамда кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру үшін насихат жұмыстары үздіксіз жүруі тиіс. Өйткені кітап – тек білім көзі ғана емес, ұлттың рухани дамуының кепілі.

Динара ЖҰМАДІЛ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті

Поэзия, проза, драматургия жанрларында қалам тербеген Бейімбет Майлиннің қазақ әдебиетіндегі орны ерекше. Қазақ прозасының тәй-тәй басқан кезеңінде ұлттық проза кәсіби жазушылық қандай болатынын көрсеткен жазушы. Ол «Ғалия» медресесінде оқып жүріп, «Садақ» журналын басып шығарды.

1914 жылы сол Садақтың үш санына өзінің тырнақалды туындысын жариялайды. Ол – «Шұғаның белгісі» шығармасы. «Шұғаның белгісі» повесінде автор қазақтың сол кезеңдегі әлеуметтік өмірін, әйел теңсіздігін суреттейді. Повестің айтар ойы – жастар қасіретін, ескі дәстүрді сынау, бас азаттығын көксеу. Бұл сол замандағы қазақ әдебиетіндегі басты сарындардың бірі еді. Шығармадағы оқиғалық өрімдер «Қасым» атты кейіпкердің тарапынан баяндалады. Төрт ұлдың ортасында бұлаңдап өскен Шұға, үріп ауызға салғандай сұлу еді.

ШҰҒАНЫҢ БЕЛГІСІ:
Әйел тағдыры мен қоғам шектеулері

Шұға – терең ойлы, адамгершілігі жоғары және қарапайым, бірақ күрделі тұлға. Ол ауылдың қарапайым қызы болғанымен, оның ой-санасы өте жоғары, мінезі ізгі. Бұл оның әлеуметтік жағдайына және шыққан тегіне қарамастан, өз принциптеріне адал болуын көрсетеді. Шұғаның өмірі мен таңдауын тереңірек түсінгенде, оның ішкі байлығы мен рухани күшін байқауға болады. Ол өз тағдырымен және қоғамның қысымымен күреседі. Бірақ осы жолда өзінің адамгершілігін жоғалтпайды. Оған Әбдірақман есімді мұғалім ғашық болады. Алайда қос ғашық бірін-бірі қанша ұнатқанымен, адам қолымен жасалған тосқауылдардан аса алмайды.

Бейімбет Майлин шығармаларында әйелдердің мұң-мұқтажын, бостандығын, қоғамдағы орнын көп қозғайды. Қаламгердің он төрт поэмасының, бесеуі осы бағытта. «Байдың қызы» (1917ж), «Рәзияқыз» (1919ж), «Қашқын келіншек» (1921ж), «Зайгүл» (1921ж), «Маржан» (1923ж) дастандары соның жарқын үлгісі.

Прозада Күлпаш пен Раушан коммунист еңбектері, нәзікжандылардың психологиясын көрсетеді. Ал Шұғаның белгісінде әлеуметтік теңсіздік аяусыз сыналады. Бұл шығарманың ерекшелігі – қазақ қоғамының моральдық нормаларын ашық көрсетуінде. Бейімбет Майлин өз шығармасында тек адамның жеке қасиеттерін ғана емес, оның қоғамдағы орнын, моральдық таңдауын да терең көрсетеді. Әлеуметтік теңсіздік, таптық бөліну және сол кезеңдегі қазақ ауылындағы өмірдің қиыншылықтарын шығармаға арқау еткен. Бай әке қызын кедейге бергісі келмей, Әбдірақманды жер аудартады. Күйзелістен айықпас дертке шалдыққан қыздың мүшкіл хәлі, жігітті амалсыз босатуға мәжбүрлейді, алайда бәрі кешеді. Жарық дүниемен қош айтысқан Шұғаның хаты Әбдірақманның көз жасын көл етеді. Бейімбет Майлин бір қыздың тағдыры арқылы сол кезеңдегі қазақ қоғамын әшкереледі. Адамның еркін тұсаудың соңы қасірет екенін ұғындырады. Туындыдан қаламгердің қайраткерлік қыры да анық байқалады.

Бейімбет Майлиннің бізге өнеге болатын көркемдік қасиеті қарапайымдылығы. «Шұғаның белгісі» оқып отырғанда, сіз бөтен сезімді араластырмайсыз, тек Әбдірақман мен Шұғаның арасындағы шынайы махаббаттан көз жазғыңыз келмейді. «Шұғаның белгісі» ұлтты оятқан елеулі еңбек. Қазіргі ұлттық сана еркіндігіне де алаш ардақтыларының қосқан үлесі өлшеусіз.

Д.РОЛАНҚЫЗЫ

ҚАЗАҚТЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРІ:
ЖАСТАРДЫҢ КӨЗҚАРАСЫ МЕН БОЛАШАҒЫ

Қазақ халқының салт-дәстүрлері ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, халықтың рухани байлығы мен мәдениетін қалыптастыруда. Әрбір дәстүрдің өзіндік мәні, маңызы бар, ол халықтың өмірі мен тұрмысының ажырамас бөлігіне айналған. Бірақ бүгінде жастар арасында бұл дәстүрлердің сақталуы мен орындауы туралы пікірлер әртүрлі. Өткен мен қазіргі заман арасындағы айырмашылықтар, жаһанданудың әсері мен жаңа технологиялардың қарқынды дамуы дәстүрлерге деген көзқарасты өзгеріске ұшыратуда.

Ежелден қазақ халқының салт-дәстүрлері адамдардың бір-біріне деген құрметі мен сүйіспеншілігін, ұлттық құндылықтарды сақтау және нығайту мақсатында қалыптасқан. Мысалы, «құрметті қонақ» болу, «қонақ кәде» сияқты дәстүрлер бір-бірімен араласудың, сыйластықтың негізі болған. Дәстүрлер тек қана жоралғылар мен мерекелік рәсімдермен шектелмей, қоғамның өзара байланысын, тәртібін сақтауға көмектескен.

Алайда, қазіргі заманда жастар арасында дәстүрлерге деген көзқарас өзгере бастады. Кейбір жастар бұл салттарды көнерген, мағынасыз ұғым ретінде қабылдап, заман талабына сай жаңа өмір салтын қалыптастыруды дұрыс деп санайды. Интернеттің, әлеуметтік желілердің және жаһандану процесінің ықпалымен жаңа мәдениеттер мен өмір салты қазақстандық жастар арасында кеңінен таралуда. Бұл, әрине, қазақтың ұлттық дәстүрлеріне әсер етпей қоймайды. Бірақ, жастар арасында салт-дәстүрлердің маңызын түсінетін, оларды қазіргі өмірге бейімдеп ұстанғысы келетін жас буын да бар. Олар ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамытуға үлкен мән береді. Қазақтың ежелгі мәдениеті мен дәстүрлері олардың ұлттық бірегейлігін сақтап қалуға көмектесетінін түсінеді. Мысалы, ұлттық тағамдар, киімдер, әндер мен билер, сондай-ақ туыстық қатынастарды құрметтеу сынды салттар көптеген жастардың өмірінде орын ала бастады.

Кейбір жастар салт-дәстүрлерді тек белгілі бір мерекелер мен тойлар кезінде ғана ұстанса, басқа уақытта олардан қашық жүреді. Бұл да қазіргі жас буынның дәстүрлерге деген көзқарасының бір көрінісі. Бірақ бұл жағдайдың басты себебі – дәстүрлердің тәрбиелік мәнін терең түсінбеуден, сонымен қатар қазіргі заманның жылдам өзгеруінен туындап отырған жағдай.

Қазіргі таңда қазақтың салт-дәстүрлерін қайта жаңғырту бағытында түрлі бастамалар мен жобалар қолға алынуда. Мысалы, жастар арасында ұлттық өнерді насихаттау, қазақ тілін үйрену, ұлттық қолөнермен айналысу сынды шаралар кеңінен таралуда. Бұндай іс-шаралар жастарға салт-дәстүрлерді тереңірек білуге, оларды өз өміріне енгізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, дәстүрлерді қазіргі заманның талабына сай жаңарту арқылы оларды сақтау және дамыту мүмкіндігі пайда болады.

Жастардың салт-дәстүрлерге деген көзқарасының өзгеруі, олардың жаңа қоғамда өз орнын табуы мен заманауи талаптарға сай болуға ұмтылуы табиғи процесс. Дегенмен, ұлттың болашағы үшін салт-дәстүрлердің, ұлттық құндылықтардың маңызын ұмытпау керек. Бұл құндылықтар қоғамның тұрақтылығын, бірлігін сақтауда үлкен рөл атқарады. Жас буын тек ұлттық дәстүрлерді ғана емес, сондай-ақ уақыт талабына сай болуды да меңгеріп, оларды үйлесімді түрде өмірде қолдануы тиіс.

Қазақы салт-дәстүрлерге көзқарасы әртүрлі болғанымен, бұл ұғымның маңызын түсінетін, оларды өз өміріне енгізуге дайын жастар саны артып келеді. Бұл үрдіс қазақ халқының ұлттық бірегейлігін сақтауға, салт-дәстүрлердің болашақ ұрпақтарға жетуіне үлкен септігін тигізеді.

Гүлсезім ЖҰМАҒҰЛ,
Қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы жас тілші үйірмесінің оқушысы

Ботулизм – «Clostridium botulinum» деп аталатын бактериялардың токсиндері тудыратын сирек, бірақ ауыр ауру. Ботулизмнің кең таралған үш түрі: тағамдық, жаралармен байланысты ботулизм және нәрестелердің ботулизмі.

БОТУЛИЗМ

Тағамдық ботулизм

Зиянды бактериялар консервілер сияқты оттегі аз ортада өсіп, токсин шығарады. Тағамдық ботулизмнің белгілері мен симптомдары әдетте токсин ағзаға енгеннен кейін 12-36 сағат аралығында басталады. Бірақ симптомдардың басталуы тұтынылатын токсиннің мөлшеріне байланысты бірнеше сағаттан бірнеше күнге дейін өзгеруі мүмкін. Тағамдық ботулизмнің белгілері мен белгілері:

- Жұтынудың немесе сөйлеудің қиындауы;
- Құрғақ ауыз;
- Беттің екі жағындағы әлсіздік;
- Бұлыңғыр немесе қос көру;
- Қабақтарды тегістеу;
- Тыныс алудың қиындауы;
- Жүрек айну, құсу және іштің құрысулары;
- Паралич.

Жаралармен байланысты ботулизм

Егер бұл бактериялар кесілген жерге түссе, олар токсин тудыратын қауіпті инфекцияны тудыруы мүмкін. Ботулизммен ауыратын адамдардың көпшілігі есірткіні күніне бірнеше рет енгізеді, сондықтан токсин ағзаға енгеннен кейін белгілер пайда болу үшін қанша уақыт қажет екенін білу қиын.

Нәрестелер ботулизмі

Ботулизмнің ең көп таралған түрі Clostridium botulinum бактериялық споралары баланың ішек жолында өскеннен кейін басталады. Бұл әдетте 2 айдан 8 айға дейін болады.Егер нәресте ботулизмі бал сияқты тағаммен байланысты болса, проблемалар әдетте токсин баланың денесіне енгеннен кейін 18-36 сағаттан кейін басталады. Белгілерге мыналар жатады:

- Іш қату (көбінесе бірінші белгі;
- Бұлшықет әлсіздігі мен басты басқару мәселелеріне байланысты дискінің икемді қозғалысы;
- Әлсіз айқай;
- Тітіркену;
- Терінің ағуы;
- Шаршау;
- Сору немесе тамақтандырудың қиындауы;
- Паралич.

Кейбір белгілер әдетте ботулизмде табылмайды. Мысалы, ботулизм әдетте қан қысымын немесе жүрек соғу жиілігін арттырмайды, қызба немесе сананың шатасуына әкелмейді. Дегенмен, кейде жара ботулизмі қызба тудыруы мүмкін.

Ботулизмге күдіктенсеңіз, медициналық көмекке хабарласыңыз. Ерте емдеу өмір сүру мүмкіндігін арттырады және асқыну қаупін азайтады. Дереу медициналық көмекке жүгіну басқа адамдарды ластанған тағамды жеуден сақтауы мүмкін.

Әсем ОМАРОВА,
Қызылорда бөлімшелік көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

ҒАЛАМ ТОЛЫ ҒАЖАЙЫП

басы 1-бетте

Гало құбылысы – атмосферадағы алты қырлы мұз кристалдары арқылы күн сәулесінің сынуы мен шағылысуы нәтижесінде көрінеді. Әдетте, күннің оң және сол жағында жарық нүктелер пайда болып, олар нағыз күнмен бірге үш жарық көзі секілді көрінеді. Бұл жалған күндер горизонтқа жақын орналасқанда ерекше айқын байқалады.

Қос күн және үш күн құбылысы кез келген жерде көрінуі мүмкін. Дегенмен Арктика, Антарктида, Канада, Ресейдің солтүстігі, Скандинавия елдері секілді суық аймақтарда жиі кездеседі. Себебі бұл құбылыс үшін атмосферада мұз кристалдарының көп мөлшерде болуы қажет.

Гало құбылысын ертеде адамдар Құдайдың немесе табиғаттың белгісі деп қабылдаған. 1461 жылы Англияда болған қос күн құбылысы әйгілі «Раушан соғысының» шешуші шайқасына дейін байқалған, бұл оқиға тарихта ерекше орын алды. Марста да осындай құбылыс болуы мүмкін, өйткені оның атмосферасында да мұз кристалдары бар дейді зерттеушілер. Мұны кездестірген адамдарға ол ерекше әсер қалдырып, ғылыми тұрғыда да қызықты зерттеу нысанына айналады.

Отты найзағай – белсенді жанартаулар маңында кездесетін ерекше құбылыс. Ол найзағай разряды мен жанартау атқылауы кезіндегі статикалық электр қуатынан пайда болатын қауіпті құбылыс. Сондай-ақ көбіне орман өрттері, мұнай немесе газ қоймаларының жарылыстары кезінде байқалады. Бұл жағдайда өрттен шыққан түтін мен газдар атмосферада иондалады, нәтижесінде электр зарядтары түзіледі. Осы зарядтар найзағайдың пайда болуына әкеледі.

Отты найзағай орман өрттері жиі болатын аймақтарда, мысалы, АҚШ, Австралия, Амазония, Сібір, сондай-ақ Қазақстанның орманды өңірлерінде кездеседі.

Ал вулканды найзағай белсенді жанартаулардың атқылауы кезінде байқалады. Мысалы, Индонезиядағы Кракатау, Италиядағы Этна, Жапониядағы Сакурадзима, Чилидегі Кальбуко жанартаулары найзағаймен қатар атқылау арқылы отты найзағай көрінісін жиі қайталайды.

Отты найзағай мен вулкандық найзағай – атмосферадағы күрделі физикалық процестердің нәтижесі. Ғалымдар бұл құбылыстарды зерттеуді жалғастыруда. Дегенмен әлі күнге дейін толық түсіндірілмеген табиғи жұмбақтардың бірі болып қала береді.

Сент-Эльм оттары – кемелердің ұшында, ұшақ қанаттарында, ағаштардың биік бұтақтарында немесе тіпті адамның қолында пайда болатын көгілдір-күлгін түсті жарықтар. Бұл құбылыстың атауы теңізшілердің киелі қамқоршысы – Сент-Эльмнің есімімен байланысты қойылған. Кейбір теңізшілер оны жақсы белгі ретінде қабылдаса, ал басқалары дауылдың хабаршысы деп санайды. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде ұшқыштар ұшақтарының қанаттарында Сент-Эльм оттарын жиі байқаған.

Бұл құбылыс атмосферада электр өрісі жоғары болған кезде, әсіресе найзағайлы дауыл алдында немесе дауыл кезінде байқалады. Плазмалық разряд ретінде пайда болатын Сент-Эльм оттары өткір заттардың ұштарында короналық разряд нәтижесінде туындайды.

Найзағайлы дауыл кезінде атмосферадағы электр өрісі күшейіп, биік және үшкір заттардың (мачта, антенна, ағаштың басы) айналасында электр заряды жиналады. Ауа иондалып, плазмалық разряд түзіледі, нәтижесінде жарқыраған көгілдір-күлгін сәулелер пайда болады.

Сент-Эльм оттарының түсі әдетте көгілдір немесе күлгін болады. Ол ұзақ уақыт, тіпті бірнеше секундтан бірнеше минутқа аралығында жанып тұруы мүмкін. Дауысы әлсіз сыбдыр немесе ызыл секілді. Бұл құбылыс көбіне теңізде байқалады, өйткені ашық суда найзағай кезіндегі электр өрісі күшті болады.

Шар тәрізді найзағай – табиғаттағы ең жұмбақ электрлік құбылыстардың бірі. Ол ауамен қалқып жүретін, жарық шығаратын, жарылып немесе жоғалып кететін плазмалық шар түрінде әлемнің кез келген бөлігінде өте сирек кездесетін құбылыс. Ғалымдар бұл құбылысты бірнеше теориямен түсіндіреді, бірақ оның нақты себебі әлі күнге дейін белгісіз. Диаметрі бірнеше сантиметрден бір метрге дейін жететін шардың түсі ақ, сары, қызыл, көк немесе жасыл болып келеді. Ол ауада бірнеше минут аралығында еркін қалқып жүріп, кейде күрт бағытын өзгерте алады. Шар найзағайлардың кейбірі дымсыз, дыбыссыз жоғалса, кейбірі дауыстап жарылады.

Ол көбіне найзағайлы ауа райында, ашық жерлерде, таулы аймақтарда, өзендер мен көлдердің маңында кездеседі. Дегенмен кей куәгерлер үй ішінде де шар найзағайын байқаған.

1944 жылы Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде британдық ұшқыштар жұмбақ шар тәрізді найзағайларды байқаған. Ғалымдар шар найзағайын ғарыштық құбылыс деп санайды және ол басқа планеталарда да

кездеседі деп болжауда. Аңыздарда шар найзағайы қасиетті немесе зұлым күштердің белгісі ретінде сипатталған. Егер сіз оны өз көзіңізбен көрсеңіз, сирек кездесетін ғажайып құбылыстың куәгері болғаныңызды біліңіз!

Қанқызыл жаңбыр – сирек кездесетін, бірақ адамзат тарихында бірнеше рет қайталанған ерекше метеорологиялық құбылыс. Бұл жаңбыр әдетте қызыл немесе қоңыр түске боялған су түрінде жауады, кейде оның түсі қою қанды еске түсіреді. Ғасырлар бойы адамдар мұны табиғаттың бір тылсым белгісі немесе жамандықтың хабаршысы деп қабылдаған.

Ғалымдар бұл құбылысты түсіндіру үшін бірнеше ғылыми теориялар ұсынған. Бірі Сахара немесе басқа шөлдерден көтерілген шаң мен құм атмосфераға еніп, жаңбырмен бірге жауған кезде қызыл түске боялатынын айтса. Енді бірі жаңбыр құрамында микроскопиялық балдырлар немесе бактериялар болатынын, яғни балдырлар атмосфераға көтеріліп, жаңбыр тамшыларында көбейіп, суға қызыл түс беретінін алға тартып отыр.

Бұл құбылыс көбіне Үндістан, Еуропа, Африка және Австралия аймақтарында кездеседі. 2001 жылы Үндістанда, Керала штатында бірнеше апта бойы қызыл түсті жаңбыр жауып, ғалымдардың назарын аударған. 2014 жылы Солтүстік Испанияда жауған қызыл жаңбыр Африкадан келген шаңмен байланысты деп танылды. 2023 жылы Сицилияда шөлден көтерілген құм мен шаңның әсерінен қызғылт-қоңыр түсті жаңбыр тіркелген.

Орта ғасырларда адамдар қызыл жаңбырды құдайдың ескертуі немесе соғыстың белгісі деп санаған. Тіпті кейбір аңыздарда бұл құбылыс жын-перілердің әрекеті ретінде сипатталады. Ғалымдар қызыл жаңбырдың құрамын зерттеген кезде қанға ұқсас ақуыздар мен органикалық заттар тапқаны жайлы деректер де бар. Бұл қорқынышты көрінгенімен, көбіне шаң, микроағзалар немесе өнеркәсіптік ластанумен байланысты пайда болатынын ескерген жөн.

Биолюминесценция – тірі ағзалардың өздігінен жарық шығаруы. Бұл құбылыс көбіне теңіз жануарларында, жәндіктерде, саңырауқұлақтарда және бактерияларда кездеседі. Ол химиялық реакцияның нәтижесі, онда люциферин деп аталатын пигмент пен люцифераза ферменті әрекеттесіп, жарық шығарады. Бұл энергия жарық толқындары ретінде таралады. Жарықтың түсі ағзаның түріне байланысты көк, жасыл, сары, қызыл немесе күлгін болуы мүмкін.

Терең судағы балықтар, мәселен айдаһар балық, фонарь балық, англер балық, сондай-ақ медузалар, кальмарлар мен сегізаяқтар, планктондар теңізде жарқыраған толқындар тудырады. Үнді мұхиты «жарық теңіздердің отаны» деп аталады. Индонезиядағы Ява теңізінде бұл құбылыс 1864 жылдан бері бірнеше рет байқалған. Сонымен қатар Бенгал шығанағында да әсіресе жаңбырлы маусымда жиі тіркеледі.

Қызығы бұл құбылысты құрлықта да кезіктіруге болады. Мәселен, жарқанаттар түнде жарық шашып, өз жұптарын табу үшін пайдаланады. Сондай-ақ кейбір ормандарда жарқыраған саңырауқұлақтар өсетіні дәлелденген.

Ағзалар биолюминесценцияны әртүрлі мақсатта қолданады. Мысалы, жыртқыштардан қорғану үшін кейбір кальмарлар жарық шығарып, көзден таса болады. Ал кейбір жәндіктер мен теңіз жануарлары бұл қасиетті жұп іздеу кезінде пайдаланса, айдаһар балық сияқты кейбір жыртқыштар жарығын жағып, жемтігін аулайды.

Ең қызығы мұхиттағы тіршілік иелерінің 80%-ы бір түрдегі биолюминесценцияға ие. Ал кейбір биолюминесцентті саңырауқұлақтар тек түнде ғана жарқырайды. Бұл жәндіктерді тартып, спораларын таратуға көмектеседі. Бұл құбылысты зерттеу биотехнологияда, медицинада және экологияда маңызды рөл атқарады.

Өлім аңғарындағы қозғалатын тастар. Өлім аңғары – АҚШ-тың Калифорния және Невада штаттарында орналасқан, жер бетіндегі ең ыстық және құрғақ жерлердің бірі. Бұл аймақта жазда температура 56°С-қа дейін жетеді. Мұндағы ең қызықты құбылыстардың бірі – өздігінен қозғалатын тастар. Олардың кейбірінің салмағы 300 кг-ға дейін жетсе де, адамның араласуынсыз, өздігінен жұмбақ түрде қозғалуы ұзақ жылдар бойы адамзатты таңғалдырып келеді. Тастар әртүрлі бағытта қозғалады, кейде бір-біріне қарама-қарсы бағытта жылжиды. Кейбір тастар бірнеше жыл бойы орнында тұрып, кейін бірден бірнеше метрге жылжып кетуі де мүмкін.

Жергілікті тұрғындар бұл тастардың қозғалуын рухтардың немесе тылсым күштердің әрекеті деп түсіндірген. Ал біреулер бұл ғарыштық күштердің, жер сілкінісінің, тіпті жындардың әрекеті деп сенеді.

Бұл құбылысты ғалымдар алғаш 1915 жылы тауып, зерттей бастаған. 2014 жылы NASA ғалымдары арнайы камералар орнатып, мұз плиталарының әсерін дәлелдеді. Тастардың қозғалуына негізгі себеп – мұз, су және желдің үйлесімді әрекеті. Қыстың суық түндерінде Рейстрэк-Плайя көлінің жіңішке су қабаты қатып, тастардың айналасында жұқа мұз қабаты пайда болады. Күн шыққан кезде мұз плиталары жарыла бастайды және судың бетінде қалқып жүреді.

Егер желдің жылдамдығы 5 м/с-тан жоғары болса, ол мұз плиталарын қозғалысқа келтіріп, онымен бірге тастарды да сырғытады. Су буланып кеткеннен кейін, қозғалатын тастардың соңында іздер қалады. Кейбір тастардың астында мұз қабаты жеткіліксіз болуы мүмкін. Ал кейбірі 200-300 метрге дейін жылжи алады. Тастардың пішіні, өлшемі және салмағы олардың қозғалысына әсер етеді.

Ән салатын бархандар – жел соққанда немесе құм қозғалғанда пайда болатын ерекше акустикалық құбылыс. Мұндай дыбыстар кәдуілгі дыбыс толқынындай таралып, бір қарағанда «шөлейт дала ән салып жатқандай» әсер береді. Ол әлемнің бірнеше шөлінде кездеседі. Құмнан шыққан дыбыстардан сыбырлау, гүрілдеу, гуілдеу, кейде тіпті орган немесе виолончельге тән музыкалық ноталарды есту мүмкіндігі бар. Бұл құбылыс құм түйіршіктерінің бір-бірімен үйкелуі және олардың белгілі бір ритмде қозғалысына байланысты туындайды.

Аталған құбылысты Африкада Намиб, Сахара шөлдерінде, Чилиде Атакама шөлінде, БАӘ-де, Дубайдың Бархан құмдарында кезіктіруге болады. Тіпті өз елімізде Алтынемел ұлттық паркіндегі әйгілі әнші құм немесе «Айғайқұм» аталатын аймақтан да тамашалауға мүмкіндігіңіз бар.

Қызығы құмнан шығатын дыбыстардың ұзақтығы 20-30 секундқа дейін созылып, кейде 100 метр қашықтықтан да естіледі. Шыңғыс хан заманында бұл дыбыстар рухтардың белгісі ретінде саналған деседі. Ол тек акустикалық феномен ғана емес, сондай-ақ климат пен геологияның күрделі әсерлерінің нәтижесі. Мұндай құбылысты өз көзіңмен көріп, құлағыңмен есту – шөл даланың нағыз сиқырлы симфониясын тыңдағанмен тең.

Су астындағы сарқырамалар. Біз сарқырамаларды көбіне жер бетінде, таулар мен өзендерде көреміз. Алайда мұхиттар мен теңіздердің түбінде де таңғажайып суасты сарқырамалары бар екенін екінің бірі біле бермейтіні анық. Сондай-ақ, кейбір өзендер мен теңіздердің суы бір-бірімен араласпай, шекара түзетіні де табиғаттың қызықты құбылыстарының қатарында.

Су астындағы сарқырамалар – су тығыздығының айырмашылығына байланысты пайда болатын ерекше құбылыс. Мұнда су температурасы мен тұздылық деңгейі жоғары немесе төмен болуына немесе тығыздығына байланысты су төменге құлап, сарқырама тәрізді ағады

Әлемдегі ең ірі суасты сарқырамасы Дания бұғазында орналасқан. Оның биіктігі 3,5 км, яғни Эверестен де биік. Бұл сарқырамадан секундына 5 миллион шаршы метр су ағып өтеді, салыстырмалы түрде Ниагара сарқырамасынан 175 есе көп. Сондай-ақ Исландия маңындағы мұхит түбінде де бірнеше суасты сарқырамалары бар. Мұндай сарқырамалар мұхиттық ағындарға өз әсерін тигізіп, климаттық өзгерістерге де ықпал ете алады.

Қосылмайтын өзендер мен теңіздер жайлы естуіңіз бар шығар. Кейде екі су айдыны кездескенімен, бір-бірімен араласпайды. Мәселен, Атлант және Тынық мұхиттарының қосылу нүктесінде екі түрлі мұхит суының араласпауы айқын байқалады. Бұл айырмашылық судың тұздылығы мен температурасына байланысты. Ал Бразилияда Рио-Негро мен Солимойнс өзендерінің тоғысу нүктесінде бірі қара, бірі сарғыш түсті қос өзен 6 км қсшықтыққа дейін араласпай ағады. Себебі олардың температурасы мен химиялық құрамы әртүрлі. Бұл таңғажайып құбылыс Атлант мұхиты мен Жерорта теңізіндегі Гибралтар бұғазында да кездеседі. Ғалымдардың зерттеуінше, мұндағы екі су айдыны қосылғанмен, толық араласу үшін мыңдаған жылдар қажет. Қосылмайтын өзендер мен теңіздердің шекарасы оптикалық эффектке байланысты көзге ап-айқын көрінеді.

Суасты сарқырамалары мен қосылмайтын өзендер жер бетіндегі су қозғалыстарының күрделілігін дәлелдейді. Мұндай құбылыстар ғалымдарға мұхиттардың динамикасын зерттеуге, экологиялық өзгерістерді түсінуге көмектеседі.

Қорытынды. Табиғаттың ғажайыптары шетсіз, шексіз. Әрбір ерекше құбылыс – жердің әлі толық зерттелмеген тылсым сырларының бір ғана көрінісі. Кейбір құбылыс қауіп төндірсе, ал кейбірі адамзатқа ерекше әсер сыйлайды. Мұндай ғажайып көріністерді өз көзіңмен көру нағыз бақыт дер едім. Егер сіз осындай құбылыстарға куә болуды армандасаңыз, әлемнің түпкір-түпкіріне саяхат жасаудан тартынбаңыз.

Дайындаған **Аружан ОРАЛБАЙ**

WILDBERRIES: ЖОҒАРЫ САПА ҺӘМ ТӨМЕН БАҒА

Сауда саласы кейінгі жылдары күрт өзгерістерге ұшырап, электрондық коммерция нарығы жылдам қарқынмен дамып келеді. Соның ішінде Pinduoduo, Aliexpress, Temu, Ozon секілді платформалар әлемдік деңгейде қарыштап дамып, көптеген тұтынушының қызығушылығына ие болып отыр. Солардың бірі – «Wildberries» интернет-дүкені. Бұл сауда алаңы өзінің ассортиментінің кеңдігімен, бағасының қолжетімділігімен және ыңғайлы қызметтерімен танымал.

Еліміздегі онлайн сауда нарығының үлесі өсіп, тұтынушылардың қызығушылығы күн санап артуда. 20 жылдық тарихы бар Wildberries платформасы Қазақстанда 2020 жылы ғана өз қызметін ресми түрде бастағанымен, бірнеше жыл ішінде көптеген қазақстандықтың таңдаулы платформасына айналды.

Бұл интернет-дүкенің артықшылығы – әртүрлі санаттағы тауардың үлкен ассортиментін ұсына алатындығында. Мәселен, киім-кешек, аяқ киім, тұрмыстық техника, косметика, тұрмыстық заттар, балаларға арналған заттар, т.б. тауарларды тұтынушы кез келген сәтте үйден шықпай-ақ сатып ала алады.

Платформа әртүрлі өндірушілердің өнімін ұсынады, сондықтан тауардың сапасы да әрқилы болып келеді. Кейбір брендтің өнімдері жоғары сапасымен ерекшеленсе, кейбірі пайдаланушылардың көңілінен шықпай жатады. Бұл мәселеде тұтынушылардың пікіріне, рейтингіне назар аудару өте маңызды. Платформадағы өнімдердің рейтинг жүйесі сатып алушыларға тауардың сапасы туралы шынайы пікір алуға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде дұрыс таңдау жасауға көмектеседі.

Қазақстандағы Wildberries-тің дамуы аса қарқынды деп айтуға толық негіз бар. Статистикалық мәліметтер бойынша, 2024 жылы Қазақстанда Wildberries арқылы жасалған тапсырыстар саны 30%-ға өскен. Бұл көрсеткіш платформаның ел тұрғындары арасындағы танымалдығының айқын дәлелі. Wildberries платформасы арқылы сатып алынған ең танымал тауарлар: киім-кешек пен аяқ киім – 45%, косметика және тұрмыстық химия – 20%, тұрмыстық техника мен электроника – 15%, балаларға арналған тауарлар – 10%, кітаптар мен кеңсе тауарлары – 5%-ды құрады.

Мәліметтерден көріп отырғанымыздай, қазақстандықтардың басым бөлігі киім-кешек пен косметика өнімдерін көптеп сатып алады. Бұл платформадағы алуан түрлі брендтер мен қолжетімді баға саясатының арқасында орын алып отыр.

Wildberries-тің ерекшеліктеріне тоқталатын болсақ, оның жеткізу қызметі туралы айта кетсек болады. Жеткізу қызметінің жылдамдығы тұтынушылардың ризашылығын тудырған. Себебі, уақыт – ең құнды ресурс. Аталған платформа өзгелер секілді Қазақстанның кез келген аймағына тауар жеткізеді, дегенмен бір ерекшелігі – жеткізу мерзімі айтарлықтай қысқа уақытты ғана қамтиды. Өзге платформалар арқылы тапсырыс берілген тауар кем дегенде 2 аптадан астам уақытта келеді.

Wildberries қолданушыларының басым бөлігі еліміздің ірі қалаларында шоғырланған. Әсіресе Алматы және Астана қалаларында платформаның танымалдығы өте жоғары. Алматыда жасалған тапсырыстар ел бойынша жалпы сатылымның 35%-ын, ал Астанадағы тапсырыстар 30%-ын құрайды. Бұл өңірлердегі халық санының көптігі және онлайн саудаға деген қызығушылықтың жоғары болуы көрсеткіштердің көтерілуіне ықпал етті. Шымкент, Қарағанды және Ақтөбе қалаларында да Wildberries кеңінен қолданыста. Бұл аймақтарда тұтынушылар санының артуына жеткізу қызметінің жылдамдығы ықпал еткен.

Сондай-ақ Wildberries-тің бір артықшылығы – қайтару және айырбастау жүйесінің болуы. Егер сатып алушыға тауар ұнамаса немесе сапасы талапқа сай болмаса, оны қайтарып беру мүмкіндігі қарастырылған. Бұл жүйе тұтынушылардың сенімділігін арттыруға және платформаның беделін сақтауға септігін тигізері анық.

Иә, бүгінде базар аралап, дүкен сөрелеріне шолу жасауға уақыт тығыз. Осындай сәтте онлайн сауда платформасының ұсынатын оңтайлы функциясы көп. Алайда бірнеше тәуекелмен бетпе-бет келуге тура келеді. Себебі тауардың сапасы әрқашан сіз қалағандай болмауы мүмкін, ал жеткізу қызметінің ақсап қалмасына ешкім кепілдік бере алмайды.

Нұршат НЫШАНОВА

ГАДЖЕТКЕ ТӘУЕЛДІ ҰРПАҚ:

ӘР ДӘУІРДІҢ БАЛАСЫ АЛДЫҢҒЫ БУЫНҒА ҰҚСАМАЙДЫ

Мұғалім болу – бала кезден арманым. Әсіресе, бастауыш сыныптағы бүлдіршіндерге сабақ беру қызықтыратын. Осынау алып арманның жетегінде Қызылорда қаласындағы М.Мәметова атындағы жоғары колледжге оқуға түстім. Міне, алғашқы жарты жыл да өте шықты. Шындығында педагог болу мен ойлағаннан да күрделі екенін ұғындым. Шәкіртке білім бере отырып, оны ұлт тұтқасын ұстайтын азамат етіп тәрбиелеуге ата-анамен қатар мұғалім де міндетті екенін түсінгендеймін.

Ата-аналарымыздан «қазіргі балалар басқаша», «бұрын біз басқа едік» деген сарындағы сөздерді жиі естиміз. Біз балалықтан әлі ажырамай тұрып, бұл сөздердің мәнін жете түсінбеуіміз мүмкін. Әлбетте, бұл тақырыпты ата-анамен сұхбаттаса отырып өрбітсек те жарасар еді. Дегенмен мені ғана емес оқырмандарды да толғандыратын осынау мәселенің ақ-қарасын ажырату үшін арнайы маманның пікірі керек деген байламға келдім. «Студенттің педагогпен өзіндік жұмысы» бағыты бойынша тақырыпты ашып, тарқату үшін белгілі ақын, психолог Асылзат Арыстанбекке көкейіміздегі сұрақтарды қойып көрдік.

– Асылзат Арыстанбекқызы, сұхбатқа келіскеніңіз үшін алғыс айтамын! Алғашқы сұрағымыз бала психологиясы жайлы. Бұрынғы мен қазіргінің арасындағы алшақтық. Қазіргі балалар неге тілазар?

– Рақмет, Аяулым! Сұрағың өте орынды. Бұл сұраққа студент қана емес, әлемде сан мыңдаған әлеуметтанушы мен психологтар, тіпті нейробиологтар да бас қатырып жатыр. Адамзаттық дәуір даму үстінде, цифрлы ғалам немесе жасанды интеллект кезеңіне келдік. Оны да жасап жатқан – адам. Ол өзінен өзі пайда болып жатқан жоқ. Бұл игіліктің барлығы келешек ұрпақ үшін жасалуда. Өйткені өзіміздің кейінгі ұрпақ жаһанның игілігін көруге дайын күйінде келеді. Біз балаларды «бұлар басқа» деп жазғыра бергеннен гөрі, өзіміз бір қадам алға жылжуымыз керек секілді.

– Гаджетке тәуелді ұрпақ келді деп жатырмыз. Оларға қазіргі білім беру әдістемесімен сабақ өту қаншалықты тиімді?

– Бұл тақырып өте күрделі. Заманына қарай – адамы. Гаджетсіз күніміз қараң сияқты. Өзімнің де кішкентай балаларым бар, оларды телефоннан босату үшін түрлі амал қарастырамын. Кейде амалдарым сәтсіз шығып жатады. Смартфонға тәуелділіктен балалар арасындағы неврологиялық аурулар да өршіп тұр. Көз, омыртқа, психоневроз, өттің қисаюы, аутизм деген сияқты диагноздар екі баланың біріне қойылады. Ойлаңыз енді, телефондағы жарқ-жұрқ еткен бейнелерге көзі үйренген балаға бір бағытқа назар аудару өте қиын. Яғни, сағаттап кітап оқу, жазу, тақтаға қарау – баланы мезі қылады.

– Болашақ мұғалім ретінде айтсам, бұл жауабыңыздан сескеніп қалдым. Сонда қалай сабақ өтеміз?

– Аяулым, сенің таңдаған мамандығың осы болса, қазірден бастап балалар нені жақсы көреді, телефоннан қандай ойын ойнайды, назарын не нәрсеге ұстап тұра алады деген нәрселерді зерттей бастауың керек. Сабақты сонымен ұштастырып, мультфильм персонаждарымен алмастырып, ойнайтын ойындарына сабақ бағдарламасын кірістіре отырып жасаса, тез ұғар ма еді, әрі сабаққа деген қызығушылығы артар ма еді деп ойлаймын. Әрине, бұл әдістерді енгізіп сабақ өтіп жатқан мұғалімнің тәжірбиесімен жолыққан жоқпын. Сондықтан, нәтиженің де қандай болатынын білмеймін. Дегенмен балаларға зияны тимейтін әдіс-тәсілдер арқылы эксперимент жасап көруге болады.

– Қазіргі балалар психологиясы туралы не айтасыз?

– Меніңше, байбалам сала бергеннен пайда жоқ, нақты әрекет керек. Әр дәуірдің баласы алдыңғы ұрпаққа ұқсамайды. Үлкендер тарапынан үнемі көңіл толмаушылық бола береді. Бұл заңды да. Өйткені, үлкендердің сыны кейінгі ұрпақты сымдай тартып, тәртіпті болуға үйретеді. Бірақ тәртіпті болу деген бас шұлғып бәріне көне беру деген сөз емес.

– Сұхбатымыз алдағы уақытта да жалғасын табады деп сенемін. Уақыт бөлгеніңіз үшін рақмет!

Аяулым САҚЫП,
«Бастауыш білім беру педагогикасы» бөлімінің 1-курс студенті



Адам өмірі – мәңгілік ізденіс, үнемі өзгеріп отыратын кезеңдер мен тәжірибелердің нәтижесі. Адамның өмір жолы оның ойлары, сезімдері, әрекеттері қоғамдағы орны арқылы қалыптасады. Бұл үдеріс табиғаттың өзара байланысындағы ірі өзгерістерге ұқсас. Қоршаған орта мен оның айналасындағылардың ықпалы адам өмірінің әр кезеңінде үлкен рөл атқарады. Әрбір жеке тұлға қоғамда өзін қалай сезінеді, сол орта оған қалай әсер етеді деген сұрақтардың жауабы арқылы өмірінің мәнін айқындайды. Қазіргі заманда адам өмірінің барлығы дерлік ақпараттың тасқынында өтіп жатқанын мойындауымыз керек. Ақпарат пен адам өмірі арасындағы байланыс философиялық тұрғыда «ақпарат өмірдің өзі» деп түсіндіріледі. Бұл түсінік әсіресе әдебиет пен өнерде маңызды орын алады. Себебі ақындар мен жазушылар әрқашан қоғам мен адамның ішкі әлемі туралы ойларын, түсініктерін бізге жеткізетін ақпаратты қалдырған.

Адам өміріне ықпал ететін ең басты факторлардың бірі – бұл оның айналасындағылар мен оның әдебиетке деген қатынасы. Әдебиет – бұл тек сөз өнері ғана емес, ол адамның өмірін, оның көзқарастарын, сезімдерін тереңірек түсінуге мүмкіндік беретін құрал. Ақындар мен жазушылар өз туындыларында адам жанының терең тұңғиығына үңіліп, қоғамдағы әділетсіздік, адамның рухани күйі, үміт пен сәтсіздік туралы жазды. Бұл шығармалар арқылы біз әлемді басқаша көруді үйренеміз, адам ретінде өзімізді қай тұрғыдан тануымыз керектігін ұғамыз.

Жазушылар мен ақындардың шығармалары арқылы қоғамда болып жатқан құбылыстар, оның адам өміріне тигізетін әсері мен әртүрлі әлеуметтік жағдайлар бейнеленеді. Мәселен, Абай Құнанбаевтың шығармашылығында қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі мен адамдардың рухани әлемі туралы жазылған терең ойлар бүгін де өзекті. Ол адамның өз-өзін түсініп, жан дүниесінің тазалығын сақтауға ұмтылуы керектігін насихаттайды. Оның өлеңдерінде адам өмірінің мәні, оның жеке тұлға ретінде қалыптасуы, қоғамға тигізетін әсері туралы аса маңызды мәселелер көтерілген. Абай: «Адам болам десеңіз, болар ісіңізді бастаңыз» деп, қоғам мен адамның өзара байланысын айқындап, әр адамның өз өмірі мен тағдырына жауапты екенін көрсеткен.

Ал Мағжан Жұмабаев болса, өз туындыларында адамды рухани байлыққа, адамгершілікке, халықтың болашағын ойлауға шақырған. Ол қазақ халқының өткенін, қазіргісін және болашағын пайымдай отырып, ақындық өнер мен әдебиеттің адам өміріне әсерін ерекше атап өтеді. Мағжанның шығармалары да адамды қоғаммен біріктіруге, оның жан дүниесінің таза болуына үндейді.

Кеңес дәуіріндегі жазушылар да адам өмірінің мәні мен қоғамдағы адамның орнына қатысты ойларын қалдырды. Мысалы, Шыңғыс Айтматовтың шығармаларында адам мен қоғамның өзара байланысы терең ашылған. Ол «Жәмилә» мен «Қош бол, Гүлсары!» шығармаларында адам өмірінің нәзіктігі мен оның ішкі сезімдерін, қоғамның қысымынан туындайтын тұлғалық дағдарыстарды ерекше суреттейді. Айтматов қоғамның қысымына тап болған адамдардың ойы мен тағдыры туралы терең философиялық сұрақтар көтереді.

Ақпараттың адам өміріндегі маңызы бүгінгі таңда айқын. Әлеуметтік желілер мен интернет ақпараттың негізгі көзіне айналып отыр. Бұл жаңа ақпараттық дәуірде адамның өмірі үздіксіз ақпарат ағымымен өріліп жатыр. Әрбір адам сырттан алған ақпараттар арқылы өз дүниетанымын қалыптастырады, қоғамның дамуына әсер етеді. Қазіргі жастар әлемнің барлық түкпірінен жетіп жатқан мәліметтерді игеріп, өмір сүру әдебін өзгертуге тырысады. Бірақ бұл ақпараттар әдетте шынайы және терең ойларды бермейді. Сондықтан әдебиет пен өнер сияқты салалар ақпараттан ажырамастан, адамды тәрбиелеуге, оның рухани өсуіне, қоғамға деген көзқарасын қалыптастыруға үлкен ықпал етеді.

Адам өмірі мен оның әлеуметтік орта арасындағы байланысты ақпараттың маңызымен ұштастыру үшін жазушылар мен ақындардың шығармашылығына көз жүгірту керек. Олар өз шығармаларында адам мен қоғам арасындағы диалогты, адамдардың бір-біріне әсер етуін көрсетеді. Қаламгерлердің туындылары арқылы біз адам өмірінің барлық қырларын тереңірек түсінуге мүмкіндік аламыз. Ақпараттың шынайылығы мен сапасы адам өмірінің өз мәнін жоғалтпай, алға қарай дамуына әсер етуі тиіс.

Жазушылар мен ақындардың шығармалары қоғам мен адам өмірінің арасында көпір орнатушы, рухани байлықтың бастау көзі ретінде қызмет етеді. Ақпарат адам өмірінің мәнін айқындайтын, жан дүниесін байытатын құрал болуы тиіс.

Гүлсезім БОЛАТҚЫЗЫ

Ақмешіт жастары
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №KZ 32VPY00086947 куәлігі 02.02.2024 жылы қайта берілген.
«Ақмешіт жастары» республикалық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Марат АРАЛБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10
БАС РЕДАКТОР Абзал ЖОЛТЕРЕК

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы
Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Кезекші редактор: Аружан ОРАЛБАЙ

Таралымы: 6897
Тапсырыс: 291